# SARYARQA

ЖЕЗҚАЗҒАН 65

18.10.2019

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№40 (8154)



AINA

КӨШЕ КЕЛБЕТІ – ӘКІМ БАҚЫЛАУЫНДА

2-бет

DÚBIR

БОЛАШАҚТЫҢ АЙҚЫН БАҒДАРЫ

3-бет

QOĠAM

АЙЛЫҚ АЛМАЙ, АЛАҢ КҮЙ КЕШУДЕ

4-бет

JASTAR

«ӨНЕР АДАМЗАТТЫ ТӘРБИЕЛЕЙДІ»

5-бет


ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

## ДӘСТҮРЛІ ФЕСТИВАЛЬ ЖАЛАУЫН КӨТЕРДІ



**Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, талантты режиссер Жанат Хаджиев атындағы алғашқы фестиваль 2017 жылы С. Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық-драма театрының 45 жылдық мерейтойы аясында аймақтық деңгейде өткен еді. Сол жолы өнер мерекесіне арнайы келіп қатысқан облыстың бұрынғы әкімі Ерлан Қошанов жыл сайын өтетін Халықаралық театрлар фестивалі дәрежесіне көтеру жөнінде ұсыныс білдіріп, бұл бастамаға тікелей өзі қолдау білдірген болатын. Соның нәтижесінде міне, Халықаралық театрлар фестивалі Жезқазған өңіріндегі игі дәстүрге айналып, үшінші жыл қатарынан жалауын көтеріп отыр. Облыс әкімдігі мен облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен аясы кеңейе түскен биылғы Ж.Хаджиев атындағы ІІІ Халықаралық фестивальдің ерекшелігі театр тарланының туғанына 70 жыл толуына арналып отыр.**

Өнер мерекесі қатысушы театрлардың салтанатты шеруімен басталды. Халықаралық фестивальге Қырғызстанның У.Умуралиев атындағы Бішкек қалалық драма театры, Өзбекстанның «Турон» мемлекеттік әскери театры, Тәжікстаннан М.Вохидов атындағы Мемлекеттік жастар театры, қазақстандық өнер ұжымдарынан Ғ.Мүсірепов атындағы Мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры бастаған Х.Бөкеева атындағы Батыс Қазақстан облыстық, Абай атындағы Семей мемлекеттік, Шығыс Қазақстан облыстық және С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған театрлары қатысуда. Өнер ұжымдарының қойылымдарын сараптап, баға беретін қазылар алқасының төрағасы Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, белгілі режиссер, профессор Нұрқанат Жақыпбай болса, мүшелерінің құрамы өнертану кандидаты, театр сыншысы, З.Исмагилов атындағы Уфа мемлекеттік Өнер институтының өнер теориясы кафедрасының доценті Айсылу Сагитова, театртанушы, өнертану кандидаты, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Театр өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының доценті Меруерт Жақсылықова, театртанушы, өнертану кандидаты, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер инстиутының «Театртану және кино» бөлімінің меңгерушісі Аманкелді Мұқан, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, М.Әуезов атындағы академиялық драма театрының суретшісі Мұрат Сапаров сынды белгілі өнер мамандарынан жасақталған. Сондай-ақ, құрметті қонақтар қатарында Жанат Әубәкірұлының туысқандары және зайыбы, белгілі актриса Рашида Хаджиева бар.

►► 2-бетте

БІЗДІҢ КИНО

**Бұған дейін көпшілік қауымға «Наза» фильмімен жарқ етіп көрінген әдебиетші ғалым, ақын, жазушы, драматург Кенжебай Ахметов осы тың саладағы тағы бір кесек дүниені қолға алып отыр. Ол – бізге мәлім де беймәлім Жақсыкелді Сейілов туралы кино. Жаңа көркем фильмге Жақсыкелдінің балалық шағы арқау болады.**



## ЖАҚСЫКЕЛДІ ТУРАЛЫ ФИЛЬМ ТҮСІРІЛУДЕ



Жәкең әнші-композитор ретінде елге кеңінен белгілі жан. Дегенмен,тағдыры ерекше талантты өнерпаздың балалық шағы мен бозбалалық кезеңінің жалпыға жұмбақ тұстары мен ашылмаған, айтылмаған сырлары көп десе болады. Ол Ұлытау ауданындағы шалғай ауылда туып-өсті. Тағдырдың маңдайға жазған ауыртпалығын ерте көрді. Көркем фильм Жақсыкелдінің дүниеге келген кезінен бастап, бозбала шағына дейінгі аралықты қамтиды. Ауылдан Терекдіге көшкенге дейінгі оқиғалар, ауыл өмірі, жас баланың өскен ортасы негізгі желіге арқау болған. Алғашқы түсірілімдер Ұлытаудың Шеңбер ауылындағы Кейкі мерген үңгірінің маңында жасалды. Түсіру процестеріне ауыл азаматтары да атсалысып, өз үлестерін қосты. Көпшілік көріністер мен эпизодтық көріністерге ауылдағы қарапайым адамдар мен оқушы балалар қатысты.

Жалпы Жақсыкелдінің рөлінде фильмде 3 адам ойнайды. Бала Жақсыкелдінің бейнесін Жезқазған қаласындағы №9 жалпы орта білім беретін мектептің оқушысы Әнуар Көлмұханбетов сомдайды. Жеткіншек кезі мен бозбала кезеңін ойнайтындар басқа. Кинода жас жеткіншек Жақсыкелдінің алғашқы талпынып, домбыраны қолға алып өнерге қызығушылығы ояна бастаған сәттер де көрініс береді. Фильмді түсіру жұмыстары әлі де жалғасуда.

**Амандық РАХҰЛЫ**

БІРГЕ ІСКЕ АСЫРАМЫЗ

## ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

***өз уақытында шешілуі тиіс***




**Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов Жезқазған қаласына жұмыс сапарымен келіп, бірқатар әлеуметтік нысандармен танысты.**

Облыс басшысының орынбасары алдымен Теректі ауылына барып ондағы мектеп пен клубта болды. Теректідегі №6 мектептің 1938 жылы салынған ғимараты бүгінде апатты жағдайда тұр. 100 балаға шақталып салынған мектепте қазір 59 оқушы білім алады. 2017 жылы мектеп ғимаратының техникалық жағдайына зерттеу жасалып, ғимарат апатты жағдайда деп танылған болатын. Қазіргі таңда жаңа мектептің құрылысына жобалық-сметалық құжат әзірлейтін мердігер анықталып, жоба әзірленуде.

Абзал Нүкенұлы Жезқазғанда құрылысы 2013 жылы басталып, әлі аяқталмай отырған 350 орындық балабақша ғимаратына барды. Қарағанды облысы құрылыс басқармасының тапсырысымен мердігер «Тавис» ЖШС бұл ғимараттың құрылысын 2015 жылы аяқтап, тапсыруы керек болған. Алайда, құрылыс мерзімі бірнеше рет өзгергенімен, жұмыс әлі аяқталмаған. Қазір тапсырыс беруші мен мердігер арасында сот процесі жүріп жатыр. Бүгінде ғимараттың негізгі құрылысы аяқталып, қоршауы орнатылған, су, жылу, электр жүйесі тартылған, алайда ортақ желіге қосылмаған. Абаттандыру, жиһазбен жабдықтау жұмысы толық аяқталмаған. Облыс басшысының орынбасарына сот дауы аяқталған соң нысан қала меншігіне қабылданып, қалған жұмыс жергілікті бюджет есебінен аяқталатыны баяндалды.

Облыс басшысының орынбасары сондай-ақ, қаладағы №10 орта мектепке барып, оқу орнының жұмысымен танысты. 2006 жылы «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасымен салынған мектепте бүгінде 800-ден астам оқушы білім алуда. Мектеп жанында 25 балаға арналған шағын орталық та жұмыс істейді.

Абзал Нүкенұлы мектептегі асхана, спорт залы, технология, ІТ, интеллектум, тағы басқа кабинеттер мен мектепте жүзеге асып жатқан әлеуметтік жобалармен танысты.

Сондай-ақ, ол С.Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театры, «Ұлытау» спорт сарайы, «Металлург» стадионы, Кеңгір ауылындағы теріс діни ағымдардан жапа шеккен қыз-келіншектерді оңалтумен айналысатын «Ұлағат» орталығының да жұмысымен танысты.

Облыс әкімінің орынбасары қалалық әкімдік ғимаратында қоғамдық кеңес мүшелерімен, ғылыми, шығармашылық интеллигенция, қоғамдық ұйымдар өкілдерімен кездесті. Кездесуге қала әкімі Қайрат Бегімов, әкім орынбасарлары, мекеме, кәсіпорын басшылары, БАҚ қызметкерлері де қатысты.

– Жезқазғанның жағдайы – облыс басшылығының жіті назарында. Біздің бүгінгі басқосуымыз Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың билік пен халықтың байланысын нығайту мақсатында өтіп отыр. Қордаланған мәселелер болса, ұсыныс, пікірлеріңіз болса ортаға сала отырсаңыздар, – деген Абзал Нүкенұлы бірден жиынға қатысушыларды ашық диалогқа шақырды.

►► 2-бетте

БАСПАСӨЗ – 2020!

### «SARYARQA» АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІНЕ 2020 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ

***Құрметті оқырман!***

**Жезқазған-Ұлытау аймағының ақпарат айнасы «Saryarqa» газетіне 2020 жылға жазылу басталғанын хабарлаймыз. Газетке жазылу бағасы мен шарттары өзгерген жоқ, барлығы – жылдағыдай.**



**Газетке бір жылға жазылу бағасы**

*Жеке тұлғалар үшін*

**Мекен жайға жеткізіп беру – 4000 теңге;**

**Редакциядан келіп алу – 3000 теңге;**

*Заңды тұлғалар үшін*

**Мекенжайға жеткізіп беру – 7000 теңге;**

**Редакциядан келіп алу – 6000 теңге.**

***Қосымша ақпарат үшін байланыс телефондары:***
***8 7102 71 00 55, 77 50 25***




SARYARQA-АҚПАРАТ

## Ұлттық банк: МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМА АЯСЫНДА 8 457 ҚАРЫЗ ҚАЙТА ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛАДЫ

**Қазақстан Ұлттық Банкі көрсетілген қарыздарды қайта қаржыландыруға 130 млрд теңге бөлгенін мәлімдеді.**

Аталған бағдарлама екі блоктан тұрады. Біріншісі 2004-2009 жылдар аралығындағы кезеңде қарыздар алған ипотекалық қарыз алушыларға қолдау көрсетуге бағытталған.

«2019 жылғы 10 казандағы жағдай бойынша Бағдарлама шеңберінде револьверлік тетікті ескере отырып 169,2 млрд теңге сомаға 27 406 қарыз мақұлданды, 154,08 млрд теңге сомаға 26 074 қарыз қайта қаржыландырылды», – делінген хабарламада.

Бағдарламаның екінші блогы жеке тұлғалардың 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін алған валюталық ипотекалық қарыздарын Қазақстан Ұлттық Банкінің 2015 жылғы 18 тамыздағы бағамы бойынша теңгемен қайта қаржыландыруды көздейді.

«2019 жылғы 10 казанындағы жағдай бойынша банктер 74,6 млрд теңге сомаға 8 457 өтінімді мақұлдады, 60,9 млрд теңге 7 064 қарыз қайта қаржыландырылды. Қарыздың бағдарлама талаптарына сәйкестігін айқындау үшін қарыз алушыларға кредитор банкке өтініш жасау қажет», – делінген таратылған хабарламада.

Өңірлерге және банктерге қатысты ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру туралы толығырақ ақпаратпен, сондай-ақ, Өңірлерге және банктерге қатысты ақпаратпен «Банктердің ақшаны игеруі туралы ақпарат» бөліміндегі сілтемесі бойынша танысуға болады.

## Абаев: БЕЙБІТШІЛІК ПЕН КЕЛІСІМ – ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМІЗДІҢ ЕҢ ҮЛКЕН ОЛЖАСЫ

**Елордада тәуелсіз мемлекет тарихына «татулық күні» ретінде енген «Рухани келісім» күніне арналған «Рухани келісім – бірлік пен тұрақтылықтың кепілі» атты республикалық конференция өтті.**

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері, Қазақстан Халқы Ассамблеясының, Қазақстанның діни және ғылыми қауымдастық өкілдері және жастар ұйымдарының басын қосқан ауқымды шараны Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі мен Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығы ұйымдастырды.

– Рухани келісім күнінде заманауи күн тәртібіндегі маңызды мәселелерді талқылау үшін Сіздермен бас қосып отырмыз. Ұлт Көшбасшысы, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев үнемі тілге тиек ететін Бейбітшілік пен Келісім – бұл Тәуелсіз еліміздің ең үлкен олжасы, тартыспен жеткен табысы. Бүгінгі қол жеткізген ынтымақ пен бірлікті онсызда солай болуы тиіс дүние деп қабылдайтын болсақ, бұл – өрескел қателік дегім келеді. Осы күнге халқымыздың мыңдаған жылдар бойы тынбай еткен еңбегінің арқасында қол жеткіздік. Бұл – көзіміздің қарашығындай қорғап өтетін құндылық. Рухани келісімсіз Қазақстанның дамуы мүмкін емес. Онсыз біз жаһандық сын-тегеуіріндерге төтеп бере алмаймыз, – деді конференцияның шымылдығын ашқан ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дәурен Абаев.

Осыдан тұп-тура 27 жыл бұрын 18 қазанда өткен Бірінші Дүниежүзілік Рухани келісім конгресінде Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Назарбаев Рухани келісім күні қақтығыстар мен араздықтарға мораторий жарияланатын, жақынына мейірімділік пен көмек көрсету күні ретінде тәуелсіз мемлекет тарихына енетіндігін ерекше атап өткен еді.

– «Бірлік – ақылға бірлік» деп ұлы ақын Абай айтқандай, татулық пен бірлік халқымыздың асыл құндылықтарының бірі. Сондықтан да, Елбасымыздың «Ел бірлігі – ең асыл қасиет» деген қанатты сөзі біздің айнымас қағидамыз болып қала береді. Келісім мен бірлік, даналық пен өзара түсіністік – қарқынды дамуымыздың кепілі, – деп атап өтті Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкен.

Салиқалы бас қосуға арнайы келген Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі композитор Төлеген Мұхамеджанов бұл мерейлі мерекенің пайда болу тарихымен бөлісті.

– Біріншіден, осы конференцияны ұйымдастырып отырған қала әкімшілігіне ерекше алғысымды білдіргім келеді. «Рухани келісім» күнін атап өту идеясының өз тарихы бар. Мұндай бастама тұңғыш рет 100 жыл бұрын Чикагода көтерілген. Кеңес одағында Горбачевтің кезінде Мәскеуде де ұйымдастырылған. Билік ауысқаннан кейін Ельциннің кезінде бұл идеяның даму барысы бәсеңдеді. Бір жылы мен Мәскеуде өткен Жазушылар одағының кеңесіне қатыстым. Сонда мұндай іс-шараны Воронежде емес, біздің елде өткізуді ұсындым. Маған «Президентіңіз Н. Назарбаевтың келісім беремін деген рұқсаты бар қағазды алып келіңіз» деген болатын. Сөйтіп, мен Алматыда елге танымал 28 адамның қолын жинап, мемлекет басшысына хат жаздым. Елбасының қолдауымен осы атаулы мейрамды бүгінде зор мақтанышпен атап өтудеміз, – деді Төлеген Мұхамеджанов.

Қазіргі таңда Қазақстанда 18 діни конфессия мен 130-ға жуық этнос өкілдері бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір сүруде. Елімізде үш жарым мыңнан астам мешіт, шіркеу, ғибадатханалар бар және 3720 діни бірлестіктер жұмыс істейді.

Айта кетейік, іс-шараның басты мақсаты – жастардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру, қазақстандықтарды ортақ құндылықтар маңайына топтастыру, этносаралық және конфессияаралық келісімді насихаттау.

## АЛМАТЫДА «ІЗГІЛІК ЕЛШІСІ» АТТЫ ЕРІКТІЛЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

**Бұл жоба еліміздегі көпбалалы аналарға, карттарға және балалары түрлі аурумен ауыратын отбасыларға қолдау көрсету үшін құрылды. Бұл туралы аталған жобаның жетекшісі Айгүл Сәбитова Алматыда өткен жиын кезінде айтты.**

Алматыдағы жетекші жоғары оқу орындарының ректорлары мен өкілдері қатысқан жиын кезінде ұйымдастырушыларға жоба жайлы толыққанды мағлұмат беріліп, еріктілердің осы қозғалысын қолдауға шақырды.

Аталған жоба Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттігі Алматы қаласы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен іске асырылып отыр. Жоба жетекшісі Айгүл Сәбитованың айтуынша, еріктілердің қозғалысы жұмысын осыдан екі апта бұрын бастаған және осы аралықта қаладағы 18 отбасыға көмектесіп үлгерген.

– Еріктілердің бұл жобасы айналамыздағы көмекке мұқтаж жандарға қолұшын беруге, жалпы жастарды адамгершілікке, ізгілікке тәрбиелеуге арналған. Мәселен, төрт-бес баланы жалғыз асырап отырған аналар бар немесе баласы ДЦП-мен ауыратын отбасылар бар. Еріктілер соларға барып көмектеседі, аналары бір сағат болсын тынықса дейміз. Сондай-ақ, көмекке мұқтаж адамдарға материалдық көмек көрсетіп жатқандар да бар. Біз осы жобаны республика бойынша дамытқымыз келеді, және қаладағы университеттер де атсалысса дейміз, – дейді Айгүл Сәбитова.

Жиынға келген ректорлар қоғамға пайдасы бар мұндай жобаны қолдап, оны дамыта түсу керек деген ойларын білдірді.

– Бұл ұлттық жобаны қолдаймыз. Әр университеттің өз саласы бар, мәселен аз қамтылған отбасындағы балаларын Өнер академиясы мәдени шараларға тартса деймін. Біздің аграрлық университеттің суденттері ауылды жерден шыққан, олар мұндай отбасылардың күйзелісін жақсы түсінеді. Мұндай іске студенттерді ғана емес, магистрлер мен оқытушыларды, профессорларды да тартса жақсы болар еді,– дейді Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры Тілектес Есболов.

# КӨШЕ КЕЛБЕТІ – ӘКІМ БАҚЫЛАУЫНДА

**Қала басшысы Қайрат Бегімов ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі жанынан құрылған арнайы мониторинг тобының өкілі Ринат Бикаевпен бірге қала көшелерін аралап, қордаланып қалған мәселелермен танысты.**



Мониторинг тобын алаңдатқан бірінші мәселе – жаяу жүргіншілер жолының сапасыздығы. Нақтырақ айтқанда, олар №26 гимназияға барар жолдағы жүргіншілерге бөгет жасайтын шұңқырды нұсқады. Жаяу жүргіншілерге келеңсіздік туғызған бұл шұңқыр қалалық жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорны құбыр ауыстыру жұмыстарын жүргізген кезде пайда болған. Дегенмен, кәсіпорын қызметкерлері әдеттегідей жолды қалыпқа келтіруге асықпаған. Осы ретте,Қайрат Баяндыұлы Болат Аманбаевқа он күннің ішінде олқылықтың орнын толтыруды тапсырды. Сондай-ақ, өзі тар жолдың бойына маңайдағы шағын кафе иесі темір күркеден кәуәпхана жасап алған. Жерді заңсз иеленген кәсіпкерге де қатысты әкімшілік жаза қолдану қатаң тапсырылды.

– Қаланы абаттандыру мен жарықтандыру мәселесі күн тәртібінен түспейтіні қуантады. Жыл сайын осы мақсаттарға қомақты қаржы бөлінетінін де білеміз. Ал, жұмыс сапасына келер болсақ сын көтермейді. Мысалы, Бейбітшілік даңғылына жарық бағандарын орнатқан мердігер қауіпсіздік техникасын сақтамаған. Жұмыс сапасы төмен екенін кез келген тұрғын байқайды. Сонда нысанды қабылдау кезінде актіге қол қоятын жауапты тұлғалар қайда қараған, – деген Ринат Бикаевтың ашынуға жөні бар. Олпы-солпы орнатылған жарық бағанында оқшаулау жұмыстары да толық жүргізілмеген.

Журналист Мақпал Орынбетова қала әкімі бастаған топты «Дидар» телеарнасының студиясына қарай жүріп өтуді сұрады. Осылайша, ол жаяу жүргіншілер жолының сапасыздығын нақты дәлелдермен көрсетті. Бұл жолы да жөндеу жұмыстары кезінде мердігердің өз міндетіне атүсті қарағаны байқалады. Онымен қоса тазалық мәселесі де ақсап тұрғанын көрдік.

Арнайы мониторинг тобының ұсыныстары мен шағымдарын мұқият тыңдап шыққан Қайрат Бегімов жауапты мекеме басшыларына нақты тапсырмалар беріп, Жезқазғанның өркендеуі мен гүлденуі жолында қоғам белсенділерімен бірге тығыз қарым-қатынас орнатуға дайын екенін жеткізді. Сонымен қатар, арнайы мониторинг тобы өкілдеріне қаладағы мәселелерге бейжайлық танытпағаны үшін алғыс білдірді.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

# ДӘСТҮРЛІ ФЕСТИВАЛЬ ЖАЛАУЫН КӨТЕРДІ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*



Театр артистерін қосқанда фестивальге барлығы 200-ден аса қонақ келіп қатысуда.

Фестиваль шымылдығы С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық-драма театры ұжымының өнер тарланы Жанат Хаджиевті еске алуға арналған сахналық көріністермен ашылды. Мәскеудің М.Щепкин атындағы Жоғары театр училищесін бітірген 17 жас өнерпаз түлек осыдан тура 47 жыл бұрын ешқандай кәсіби театры жоқ өңірге келіп, киелі шаңырақты бірлесе көтерген еді. Қазақстанның Халық артисі Досжан Жанботаев сол бір жалынды жастық шақта арман қуып бірге оқып, сахнада қатар еңбек еткен Жанат досы туралы тебірене толғанып, марқұмды бір минут үнсіздікпен еске алуды ұсынды. Бұдан әрі Жанат Хаджиевтің режиссер ретінде ерекше қолтаңбасы қалған театр репертуарындағы «Қаракөз», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ай тұтылған түн», «Қыз Жібек» спектакльдерінен шағын эпизодтық көріністер көрсетті. Жалпы Жанат режиссер болған тұста осы және басқа да қойылымдарымен Жезқазған театры талай биік жетістіктерге жеткен болатын. Мәселен, 1992 жылы С.Қожамқұлов атындағы театр ұжымы Ғ.Мүсіреповтің туғанына 90 жыл толу құрметіне арналып Алматыда өткен Республикалық театрлар фестивалінде «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» спектаклін үлкен шеберлікпен қойғандары үшін бас жүлде – Гран-приді жеңіп алған еді. Осы жеңісі үшін олар Дүниежүзілік театрлар фестиваліне қатысу құрметіне ие болып, 1993 жылы Қазақстан театрлары атынан Мысырда өнер көрсеткен кезі де болған. Айта берсе, мұндай жетістіктер өте көп.

Халықаралық фестивальге қатысушыларды қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова құттықтады. Рухани жаңғыру аясындағы осы маңызды шараға айтарлықтай қолдау білдіріп отырған облыс әкімдігі мен облыстық мәдениет басқармасына шынайы алғыс сезімін жеткізді. Бұдан соң Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Елордағы Жастар театрының көркемдік жетекшісі әрі бас режиссері Нұрқанат Жақыпбай сөз алып, Жанат Әубәкірұлымен достық қатынаста және өнерде бірге жүрген кездерін еске алып, ізгі шараны ұйымдастырушыларға шынайы ризашылығын білдірді. Бұл бастаманы қазақ өнеріне деген құрмет деп бағалайтынын атап айтты. Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының лауреаты, қазақ театр өнерінің айтулы қайраткері Жанат Хаджиевтің Жезқазғаннан кейінгі еңбек жолы өмірінің соңына дейін Алматыдағы Ғ.Мүсірепов атындағы Мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында жалғасқаны белгілі. Фестивальдің алғашқы қойылымы осы театр арнайы дайындап әкелген «Ұмытыңдар оны...» трагикомедиясымен басталды.

Орыс жазушысы Григорий Горин қаламынан туған бұл шығарма – әлемдік театр өнерінің классикасына айналған Герострат туралы аңыз. Оқиға ежелгі Эфес қаласында өтеді. Адамзат баласы 120 жыл бойы



салған «Артемиданың ғибадатханасын» атын тарихта қалдыруды ойлаған Герострат бір-ақ күнде өртеп жібереді. Трагикомедияда сол Геростраттың соты арқылы парасат пен зұлымдық, әділдік пен сатқындық, шындық пен жалғанның тартысы көрсетіледі. Герострат рөлінде – Мақсат Рахмет ойнаса, Эфес қаласының әлсіз әміршісі Тиссаферн образын ҚР-ның Еңбек сіңірген артисі, «Құрмет» орденінің иегері Сағызбай Қарабалин сомдайды. Сағызбай да кезінде Қожамқұлов театрында Жанат Хаджиев сахналаған қойылымдарда басты рөлдерде ойнап шыңдалған талантты актерлардың бірі. Сондай-ақ, ҚР-ның Еңбек сіңірген артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері Гүлжамал Қазақбаева (Эрита), Қазақстан Жастар одағы «Серпер» сыйлығының лауреаттары Жанар Мақашева (Климентина) мен Әсет Иманғалиев (Крисипп), Клеон рөліндегі Еділ Рамазанов сахнадағы әсерлі ойын өрнектерімен көрермендер көңілінен шықты. «Атың шықпаса жер өрте» демекші, спектакльде атақ үшін зұлымдыққа барған қоғамның бір қасіреті алға тартылады. Режиссер Жұлдызбек Жұманбай құдайдың қаһарынан қорықпағаннан қорық деген ойды тұжырымдайды.

Фестивальдің екінші күнінде Шығыс Қазақстан облыстық драма театры көрермен қауым мен қазылар алқасының назарына Баққожа Мұқаевтың «Сергелдең болған серілер» комедиясын ұсынды. Бұдан кейінгі «Ж.Хаджиевтың қазақ театры өнерін дамытуға тигізген ықпалы» атты шеберлік сағаты да жас артистер мен студенттердің зор қызығушылығын туғызды.

Бес күнге созылатын өнер мерекесі одан әрі жалғасуда.

**Амандық РАХҰЛЫ**

БІРГЕ ІСКЕ АСЫРАМЫЗ

# ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

## *өз уақытында шешілуі тиіс*

*(Соңы. Басы 1-бетте)*



Алғаш болып сөз алған қоғамдық кеңес төрағасы, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Сағындық Қожамсейітов Жезқазған мыс зауытының жұмысы, гидрометаллуригия зауытын, күкіртқышқылы цехын іске қосу, ботаникалық бақты жаңа орынға көшіру, бақты басқару жүйесін жетілдіру сынды мәселелер көтерді. Сағындық Үсенұлы сондай-ақ, Жезқазған-Ұлытау аймағын дамыту жөніндегі кешенді жоспардың нақтыланғанын, қалада құрылыс жанданып, жаңа тұрғын үйлер салына бастағанын, коммуналдық салада да ілгерілеу бар екенін де тілге тиек етті.

Ал, Қазақстанның Халық әртісі Досжан Жанботаев қалаға теміржолмен кіргендегі көрініс көңілге қаяу салатынын айтып, қаланың көркін бұзатын ескі ғимараттар мен өндіріс аймағының абаттандырылуы жөнінде мәселе көтерді.

– Туризмді дамытамыз деп жатырмыз ғой. Жезқазғанда өтетін түрлі іс-шараларға басқа қалалардан қонақтар көп келеді. Солардың бәрінің айтатыны – қалаға кіреберістегі қираған ғимараттар. Адамның қандай жағдайда болсын алғашқы әсері кейінгі пікіріне негіз болады. Қаламыз туралы жұртта жақсы пікір қалсын десек, оның сән-сәулетін кіре берісінен бастап ойластырғанымыз жөн, – дейді ол. Өнер қайраткері сондай-ақ, бұрынғы Жезқазған тігін фабрикасының ахуалына да алаңдаушылық білдірді.

Кездесуде сондай-ақ, «Қазақмыс» корпорациясы ардагерлер кеңесінің төрағасы, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Төлеген Бүкіров те сөз алып, қала дамуындағы бірқатар кемшіліктерді атап өтті.

– Кеңес уақытында қалада ескі үйлер сүріліп, орнына жаңа үйлер салынатын. Одақ тарағалы отыз жыл болды. Ол жұмыс жанданбады. Екі қабатты апатты үйлерде әлі адамдар тұрып жатыр. Мұндай жағдайда «қала құлпырып кетті» деп қалай мақтанамыз? 1991 жылға дейін әр жылы бір балабақша пайдалануға берілетін. Бізде бес жыл болды бір балабақшаның құрылысы әлі аяқталмай келеді. Ботаникалық бақ мәселесі көтеріліп жатыр. Қазір сол бақтың жанынан қандай су ағып жатыр? Кеңгірдің төменгі жағы әбден бүлініп болды. Кәріз суларына дейін қосылып жатыр. Исінің өзі оңай емес. Денсаулық сақтау саласында да алаңдататын мәселе аз емес. Рак ауры өршіп тұр. Өндіріс бар жерде денсаулыққа зиянды құбылыстардың болатынын белгілі. Денсаулық үшін қала тұрғындары кредит алып, шетелге дейін барып ем алуда. Неге сол шетелдік озық технологияны осында әкеліп, дұрыс аурухана ашпаймыз? Білімге келсек, бұрын қалада бір ғана техникум болатын. Қаланы сол техникум сапалы маманмен қамтамасыз ететін. Қазір әр көшеде екі колледжден бар десе де болады. Олардың базасымен барып танысыңыздаршы. База жоқ. Техникалық мамандықтар дайындап жатыр. Түлектері өндіріске барғанда түк білмей жүреді. Себебі оқыту жүйесі, базасы өндіріспен сәйкестендірілмеген. Қазір колледж түгілі, университеттердің дипломдары сатылатынын естіп жүрміз. Алдағы 15-20 жылда техникалық сала мамандарының тапшылығы туындайды. Осыған мән беру керек. Абаттандыру, көгалдандыру саласында да мәселе жеткілікті. Бұл салаға жылда бюджеттен қыруар қаражат бөлініп жатыр, – деген ол жергілікті бюджеттен ардагерлерді шипажайларға жеңілдікпен ем алуға жіберу мүмкіндіктерін қарастыруды ұсынды.

Қала басшысы Қайрат Бегімов балалық құжат жасалып, кешенді жұмыс жүруі керек. Ол жұмысты істейміз, – деді қала басшысы.

Жиында сондай-ақ, ақын, филология ғылымдарының кандидаты Ғазиз Ештанаев облыс басшысының орынбасарына аймақта халық фольклорын жинақтап, жүйелейтін орталық ашу, өңір мектептерін мұғалімдермен қамту үшін педагогикалық




бақша құрылысы мердігер мен тапсырыс беруші арасындағы сотқа байланысты созылып отырғанын алға тартты. Басқа да сыни пікірлерге жауап берді.

– Өздеріңіз жақсы білесіздер, облыстық құрылыс басқармасы балабақша салушы мердігермен соттасып жатыр. Сот аяқталған соң ол балабақшаны қаланың қарамағына аламыз да, қалған жұмысты жергілікті бюджет есебінен аяқтаймыз. Ал, апатты үйлерге келсек, бұл мәселеде де қарап отырған жоқпыз. Былтыр Жеңіс көшесіндегі апатты үйдің мәселесін шештік. Алдағы уақытта қаржы мүмкіндігіне қарай Шевченко көшесіндегі үйлердің мәселесін шешеміз. Кәріз жүйесін тазалау бойынша қазір жобалық-сметалық құжаттар әзірлеу жүріп жатыр. Облыс басшылығы қолдап отыр, тазалау қондырғысына 10 млрд. теңге қаражат бөлінетін болды. Суару жүйесіне де көп сын айтылады. Мәселе жоқ емес, бар. Жүйе толық ескірген. Бір жерін жөндесе, екінші жері жарылады. Түгел жаңалауға 1 млрд.теңге қаражат керек. Менің ойымша, мәселені түбегейлі шешу үшін жүйені толық жаңарту бойынша жобалық-сметалық институтты қайта ашу жөнінде ұсыныстарын жеткізді. Ал, қоғамдық кеңес мүшесі, қаланың Құрметті азаматы аймақта балалар демалатын бірде-бір жазғы лагерьдің жоқ екеніне қынжылыс білдірді. Еңбек ардагері сонымен бірге, балаларды спортқа жұмылдыру жұмыстарын белсенді жүргізу қажеттігін де атап өтті.

Жиынды қорытындылаған Абзал Нүкенов басқосуда айтылған мәселелердің аяқсыз қалмайтынын, өзекті мәселелердің өз уақытында шешілуіне себеп болатынына сендірді.

Облыс басшысы орынбасарының Жезқазғандағы жұмыс сапары «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы ғимаратында қоғамдық қабылдаумен қорытындыланды. Қабылдауға келген қала тұрғындары Б.Жағыпаров, К.Ахметов, Ә.Асанханова, Р.Бикаев, Ә.Кушенова, В.Шавнев өздерін толғандырған мәселелерге тиісті жауап алып, өз ұсыныстарын жеткізді.

**Дархан МҰХАН**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

# ТҰРҒЫНДАРДЫ АЛАҢДАТҚАН МӘСЕЛЕЛЕР

## *қала басшысына жетті*

**Сәрсенбінің сәтінде қала басшысы Қайрат Бегімов тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Бұл жолы әкімнің қабылдауына 10 жезқазғандық алдын ала жазылыпты.**

Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy

Тұрғындар көтерген мәселелердің дені коммуналдық сала қызметіне тиесілі. Бірі ауыз судың жоқтығына налыса, енді бірі жылуды айтып қапаланды. Тоқтаров көшесінен үй сатып алған жас отбасының ауыз су мәселесі 25 қазанға дейін шешілетін болды. Қалалық әкімдіктің тапсырысы бойынша мердігер «Сарыарқа» ЖШС аталған көшеге су құбырын тартады. Алашахан даңғылындағы 27-үйдің маңайын абаттандыру қажеттігін алға тартқан Рамиля Габитова жөндеу жұмыстарын жүргізген қалалық сумен, жылумен жабдықтау кәсіпорны қызметкерлерінің жұмысына шағымданды.

– Әкімнің қабылдауына екінші мәрте келіп отырмын. Ауламыздың сыйқы қашты деп дабыл қаққалы еш өзгеріс болмады. Нақтырақ айтқанда, жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорны берлген тапсырманы орындауға құлықсыз. Ойын алаңына маңындағы темір құбырлар әлі де ойын баласының өміріне қауіп төндіріп тұр. Ашық құдықтар ол жатыр. Үшінші кіреберістің алдындағы құбыр ауыстыру кезінде пайда болған шұңқыр да жабылмады, – деген қала тұрғыны кәсіпорын басшысы Болат Аманбаевпен кездесіп, аталған мәселелерді көрсетуге уағдаласты. Әкім өз кезегінде олқылықтардың орнын толтыруды қадап тапсырды.

Жалпы бұл жолы сумен, жылумен жабдықтау кәсіпорнының басшысы бірнеше рет орнынан тұрды. Омаров көшесіндегі 9-үйдің тұрғындарын мазалаған мәселелер де аталған кәсіпорынға қатысты. «Үйге келетін жылу құбырлары біздің балансta жоқ» деп қол сілтеген Болат Аманбаевқа 19 қыркүйекке дейін тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімімен бірлесіп, жылу жүйесінің құбырын ауыстыру жұмыстарын бастау жүктелді. Қайта-қайта жарықсыз қалатынын жеткізген осы үй тұрғындарының өтініші бойынша стансалар мен электр желісі толықтай тексерілетін болады.

Апатты үйлердің жағдайы да бірнеше рет көтерілді. Шевченко көшесіндегі 9, Абай көшесіндегі 61-үйдің тұрғындары мәселенің оң шешімін табуды сұрады.

– Бүгінгі таңда қаладағы 25 тұрғын үй апатты деп танылған. Техникалық зерттеу жұмыстардың нәтижесінде оның 9-ы күрделі жөндеуден өткізуге келетіні анықталды. Қалған үйлер бойынша қажетті жұмыстар жүргізіліп жатыр. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік аясында шешу жоспарланған. Дегенмен, апатты үйдің мәселесі кезекпен шешілетінін назардан шығармаған жөн. Бірінші кезекте әбден қаусаған тұрғын үйлер тұр, – деп түсіндірді қала әкімі.

Әкімнің алдына келген тұрғындардың ішінде уақытша баспана сұрағандар, иесіз қалған үйді жеке меншікке алғысы келгендер бар. Олардың бәріне заң аясында түсініктемелер берілді. Қабылдау кезінде берілген нақты тапсырмалардың орындалысы жөніндегі есеп те сұралатыны ескертілді.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# БОЛАШАҚТЫҢ АЙҚЫН БАҒДАРЫ

**Президент Касым-Жомарт Тоқаевтың алғашқы Жолдауы туралы алуан сипатты пікір білдіруге болады. Ең бастысы, ол ешкімді де бейжай қалдырған жоқ. Біріншіден, Президенттің басымдық беріп отырған бағыттарын, әдістері мен алға қойылған міндеттерді шешу жолдарын зерделеуге ықыласты болдық. Шындығында, Жолдау мәселені көтеру формасы және олардың маңыздылық деңгейімен ерекшеленеді.**

Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy

Мені таң қалдырғаны жақын болашақтағы өзгерістерге сендірген жайт – Президенттің тиімді экономикалық реформалар елдің қоғамдық-саяси жаңғыруынсыз мүмкін еместігі жайлы айтқаны. Бұған дейін экономика бірінші орында, одан кейін барып саясат болатын-ды. Басымдылықтардың өзгергені деп осыны айтуға болады. Сондай-ақ, «қоғамның негізгі мәселелері көшеде емес, Парламентте шешілуі керек» дегені – стратегиялық әрі тактикалық жоспар.

Президент көппартиялылық пен саяси бәсекелестікті қолдайды.Себебі, біздің Президент өзіне және халқына сенеді. Бастысы –осы!

Қасым-Жомарт Кемелұлының қазақ тілінің қолданыс аясын ұлғайту туралы айтқан пікірлері де аса маңызды. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келді деп есептеймін деді. «Тіл – үлкен саясаттың құралы» екенін ұмытпаған жөн, ол міндетті түрде қолданыста болатынын білдірді. Сол тілде оқыса, сол тілде сөйлесе, бұл – оның өміршеңдігі.

Мемлекеттік қызметшілер жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында арнайы дайындығы бар жас кадрларды тарту қажет.Сонымен бірге 2020 жылдан бастап біз мемлекеттік қызметшілердің санын біртіндеп қысқартуға кірісіп, үнемделген қаражатты неғұрлым пайдалы қызметкерлерді ынталандыруға жұмсаймыз деді.

Президент сонымен қатар, сот жүйесіндегі және полициядағы реформалар туралы да атап өтті. Жыныстық зорлық-зомбылық, педофилия, есірткі тарту, адам саудасы, әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық және басқа да ауыр қылмыстарға, әсіресе, балаларға қатысты қылмыстарға қолданылатын жазаны шұғыл түрде қатайту қажет. Бұл мәселені шешуді Парламентке және Үкіметке тапсырамын деді. Мемлекет басшысының мемлекеттік сатып алулар процесіне назар аударғаны да қуантады.

Полиция қызметкерлерінің мәртебесі мен еңбекақысын көтеру, тұрғын үй жалдау, ХҚКО қағидаты бойынша заманауи фронт-кеңселер құру оң нәтижелерге алып келеді, сол арқылы полиция қызметінде көп нәрсені өзгерте алатын сауатты қызметкерлер келетін болады.

Жолдауда «Ауыл-ел бесігі» бағдарламасы, жер мәселесі, қарыз жүктемесін төмендету, атаулы әлеуметтік көмек, табыс салығы, бизнесті, әсіресе, шығын және орта бизнесті дамытуға кедергі келтіру жайы да қозғалды.

Түйіндей келе, елдің әл-ауқатын арттыру мен тұрмыс сапасын жақсартуға арналған әлеуеті зор Жолдауда айтылған мәселелерді жүзеге асыруға ел болып кіріскен жөн.Себебі Президент айтқандай, әрбір қазақстандық жүргізіліп жатқан реформалардың мәнін және олардың Отанымызды өркендету жолындағы маңызын жете түсінуге тиіс.

Қазіргі таңда Жезқазған қалалық қазынашылық басқармасының алдына бағдарлы мақсаттары мен негізгі міндеттер бекітіліп берілген.Сондықтан ел мүддесі үшін атқарылатын бұл мақсатты міндеттерді іске асыруға басқарма қызметкерлері мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсету сапасын жақсартуды жылдан-жылға арттыруда.

**Бейбіт ШӘКЕНОВ,**
**Жезқазған қалалық қазынашылық басқармасының басшысы**

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы мысты шаһар тұрғындарына қарқынды түрде таныстырылуда.Бұл жолы Жезқазған қалалық білім бөлімінің басшысы Жеңіс Әлмағанбетов № 3 ЖОББМ-не барып, Президент көтерген бастамаларға кеңінен тоқталып, білім саласындағы өзгерістер мен жаңалықтарды таныстырды.**

# МЕКТЕП ҰЖЫМЫ ҚОЛДАУ БІЛДІРДІ

Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy

– Президент Қасым-Жомат Тоқаев өз Жодауында: «Біз оқушылардың қабілетін айқындап, кәсіби бағыт-бағдар беру саясатына көшуіміз керек» деп баса атап өтті. Сондай-ақ, Жолдауда ауыл мен қала мектептерінің білім сапасы, оқушыларды сапалы оқулықтармен қамтамасыз ету, ұстаздардың жалақысын 25 %-ға дейін өсіру, ғылым-білімді дамыту, ел жастарының жоғары оқу орындарына түсу мәселелері, «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы бойынша жас мамандарды жұмыспен қамту сынды білім саласындағы бірқатар маңызды мәселелерге кеңінен тоқталды. Мен өзім де жас маман ретінде Президент Жолдауына қолдау білдіре отырып, ұстаздарға жүктелген міндеттерді абыроймен атқаруға бар күш-жігерімді салатын боламын, – деді жиын барысында № 3 ЖОББМ-нің жас ұстаздарының бірі – Әлия Мәжитова.

№ 3 ЖОББМ – қаламыздағы инклюзивті білім беретін мектептердің қатарында. Қазіргі таңда мектеп қабырғасында 74 «ерекше бала» білім алады және оларға арналып 12 инклюзивті, 6 арнайы сыныптар ашылған. Осы сыныптар және олармен жүргізіліп жатқан жұмыстар барысын таныстырған Гүлмира Камалова мектептегі логопед, дефектолог және психолог мамандар жұмысындағы ерекшеліктер мен қиыншылықтарды атап өтті. Сондай-ақ, шара соңында сөз алған Лилия Тимоченко мұғалім мәртебесіне қатысты бірқатар мәселелерге тоқталып, өз ұсыныстарын білдірді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ ЖОЛЫНДА

Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy

**Биылғы 2019-2020 оқу жылында «Nur Otan» партиясының «Smart education-жаңа білім беру ортасы» жобасы аясында Жезқазған қаласының білім беру мекемелері, атап айтқанда №1,4,5,7,8,9,10,11,13,21,22,26 мектептері ІТ-сыныптармен қамтамасыз етілді. ІТ-сыныптардың ашылу рәсімі жалпы білім беретін №1 орта мектебінде және №8 гимназияда салтанатты түрде өтті.**



ІТ-сыныптары – азаматтардың цифрлық сауаттылығын арттыруға, тегін білім беру саласын жетілдіруге бағытталған. Бұндай сыныпты ашудағы мақсат – балалардың қазіргі заманғы бәсекеге сай білім алуына мүмкіндік жасау. Осы мақсатта қазіргі кезеңдерде қызу жұмыстар атқарылуда. Сынып заманауи компьютерлермен, 3D принтер, жоғары жылдамдықты интернет, қажетті веб-бағдарламалармен қамтылған. Оқушылар әртүрлі бағдарлама арқылы білім көкжиегін кеңейтіп, түрлі компьютерлік ойындар, сабаққа қажетті бағдарламалар құрастырады. Интеллектум кабинеті баланың ой-өрісін дамытып, тез шешім қабылдауға, шапшаңдыққа баулитын арнайы ойындар жүргізуге баулиды. Интеллектісі дамыған балалар болашақта білікті маман болып шығу мүмкіндігі ие.

Мектептердегі балалардың ой-өрісін, техникалық мамандықтарға қызығушылығын бағдарлау үшін ашылып отырған «IT-Class» пен «Intellectum» кабинеттері қазіргі заман талабы. Мектептің жас өнертапқыштары IT кабинетінде өздерінің қалауымен бағдарламалар құруға мүмкіндіктері бар. IT кабинетте оқушылар 3D модельдеу, сәулет, дизайн, анимация, бағдарламалау және веб-сайтты құру жұмыстарын үйренеді. Сандық технологияны меңгеріп, робототехникамен айналысады. Мұнда балалар қазірдің өзінде түрлі жобаларын бастап кеткен.

**Жеңіс ӘЛМАҒАНБЕТОВ,**
**Жезқазған қаласы білім бөлімінің басшысы**

# ЕСЕПШІЛЕР ЕЛЕНДІ

**Кәсіби мерекелер қарсаңында озат еңбеккерлерге құрмет көрсетуді дәстүрге айналдырған «Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалы бұл жолы бухгалтерлерді марапаттады.**



– «Қазақмыс» корпорациясы кең көлемде атап өтетін негізгі кәсіби мерекелер – металлургтер мен байытушылар күні екенін білесіздер. Дегенмен, ел экономикасын еселеп отырған осы екі алып кәсіптің сәтті дөңгеленуі үшін қажетті қызметтер бар. Олар – энергетиктер, құрылысшылар. Осы ретте, Сіздердің де еңбектеріңіз зор екенін айта өткен жоқ. Сіздердің қолтаңбаларыңыз қалмаған сала жоқ бүгінде, – деп құттықтау сөзін жалғаған «Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Шыңғысов жиналған есепшілерге ақ тілегін жеткізді. Және табысты еңбегі мен белсенді өмірлік ұстанымы үшін бірқатар бухгалтерлерді Алғыс хатпен елеп, ақшалай сыйақы табыстады. Марапат төріне көтерілгендердің қатарында мыс қорыту зауытының бухгалтерлік есеп бюросының басшысы Сейсенкүл Исабаева, І және ІІ санатты есепшілер Гаухар Батеева мен Аида Мусина бар. Сонымен қатар, Римма Сайфуддинова мен Марфуза Қалиеваның, Ғалымсағат Ораз бен Ольга Радишевскаяның, Мадина Сейітқасымованың есімдері аталды.

Көрсетілген құрмет пен қошеметке риза болысқан бухгалтерлер қауымы Бауыржан Қабденұлы бастаған ұжымға ризашылықтарын білдіріп, еліміздің бас партиясы «Nur Otan»-ның алға қойған мақсат-міндеттерін жүзеге асыруда атсалысуға дайын екендерін жеткізді.

**Бота ШАЛҚАР**

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННІҢ ТУҒАНЫНА 125 ЖЫЛ

# ӘДЕБИ-МУЗЫКАЛЫҚ КӨРІНІС АРНАДЫ

Jastar JYLY QAZAQSTAN 2019

**Еліміздің тәуелсіздігі жолында күресуден талмаған Алаш ардақтыларының бірі Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығын насихаттау арқылы ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу мақсатында орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің №9 үлгілі кітапхана филиалы оқырмандар назарына «Сәкеннің сара жолы» деп аталған әдеби-музыкалық көріністі ұсынды.**



Жезқазған музыкалық колледжі оқушыларының сүйемелдеуімен өткен шара «Өзіңмен сырласады ұрпақтарың» атты Сәкен апталығы аясында ұйымдастырылғанын айта кетейік. Жиналған қалың оқырмандарға әдеби-музыкалық көріністі ұсынған жас ұрпақ Сәкеннің сөзіне жазылған әндерді орындап, жырдан шашу шашты. Дара тұлғаның өнегелі өмірінен сыр шертіп, оның басынан өткен қиыншылықтарды баян етті.

«...Сәкен Сейфуллин – өзі өмір сүрген дәуірдің перзенті, ірі қоғам, мемлекет қайраткері. Қазақстан ХХ ғасырда елдік пен азаматтыққа үміттенген шағында ол республика басшыларының бірі болды, ең шешуші кезде жан-тәнімен жұмыс жасап, халқының басқа елдермен терезесі тең болуы жолында қызмет қылғанын ешкімде жоққа шығара алмас. Ол өзінің өлең жырларында, көркем шығармаларында ғана емес, әрбір әрекетінде осы арманын жүзеге асыруға жанын салып, талаптанды,– деген өнерлі өрендер ақынның «Сағындым», «Ақсақ киік», «Сыр сандығы» сынды өлеңдері ұрпақ санасына сәуле шашатынын алға тартты. Әрі Сәкен Сейфуллиннен шынайы достықтың үлгісін үйренгендерін айтты.

Бойындағы патриоттық сезім күшті жалынды күрескер атанған Сәкеннің сегіз қырлы, бір сырлы болғаны баршаға мәлім. Ақындықпен қатар жазушылықты, драматургия мен публицистиканы қатар алып жүрген ол сыншы, әдебиеттанушы, композитор, педагог, қоғам және мемлекет қайраткері. Бір өзінде осыншама қасиетті тоғыстырған Сәкен Сейфуллиннің сан қырын ашып жеткізген жастар оның есімі халық есінде мәңгі сақталатынына екпін салды.

Асуы жоқ асулардан асайық,
Ашылмаған тас қақпаны ашайық.
Болмағанды болдырайық дүниеге,
Жаңа тұрмыс жаңа жерге жасайық!-

деп ақынның ой мен сезім астасқан жырларын жаттаған жас қауым да ақын өлеңдерін ешқашан естен шығармаса деп тілеген №9 үлгілі кітапхана филиалының меңгерушісі Тілек Игібаева шараның жоғары деңгейде өтуіне атсалысқан кітапханашылар Айнұр Қажмағанбетова мен Алмагүл Оразбековаға, сондай-ақ, музыкалық колледждің студенттері Назерке Жарылқасынова мен Еркеназ Найзабаеваға, Батыржан Саханов пен Айда Қуанышқа, Рауан Қайратқа, Әділет Тұрлығожаев пен Әділет Мақажановқа ризашылығын білдірді.

**Бота ШАЛҚАР**

# ЕСІМІ ҰЛЫҚТАЛДЫ

**Қазақтың біртуар ұлы, жаңа қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі, өлмес әдеби, мәдени мұра қалдырған ақын, қазақтың ірі қоғам қайраткері, революционер, жазушы, сазгер, әнші Сәкен Сейфуллиннің туғанына 125 жыл толуына орай ұйымдастырылған апталық аясында №2 және №7 үлгілі кітапхана-филиалдары «Сәкен тірі! Қазақтай елі барда...» атты поэтикалық әдеби-композиция өткізді.**

Шара жас ұрпаққа 1937 жылдың қанды қырғынына ұшыраған есіл ердің бірі, ақын және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығын жас ұрпаққа үлгі ету, Сәкен поэзиясын, әндерінің құдіреттілігін сезіндіруді мақсат етті. Жиынды Сәкеннің «Әпитөк» әнін тамылжыта орындаған Кеңгір елді-мекенінің «Өркен» үйірмесінің ақ әжелері ашты. Сәкеннің үздік туындылары слайд арқылы көрсетіліп, таныстырылды. Отан, туған жер жайлы туындысының бірі – «Көкшетау» поэмасын Кеңгір орта мектебінің 6-сынып оқушысы облыстық «Жас толқын 2019» конкурсының бас жүлде иегері Нұрдаулет Испандияр оқып берді. № 2 орта мектептің 6-сынып оқушылары Сабина Асылхан мен Аяулым Қуанышбекқызы да тау тұлғалы ақынның өмірін еске алып, тағы да слайдқа тоқталып өтті.

Келесі кезекте Сәкен сахнаға шығып, үстелдің үстінде жазу мәшинкесімен ызылдап отырып, әндетіп әрі-бері жүріп, «Тау ішінде» атты туындысын шығарып отырған сәтінен үзінді көрсетілді. Сәкен бейнесін сомдаған Жезқазған қаласының № 11 мектебінің 10-сынып оқушысы Ақсұлтан Адаев болған еді. Сол туындыны Жезқазған музыкалық колледжінің IV курс студенті Дамир Мизамбаев жиналғандарға әсерлі жеткізді.

№ 11 мектеп оқушылары ұсынған «Сәкеннің абақтыдағы азабы» көрінісі Сәкеннің НКВД түрмесінде көрген азаптаулары ақынды өзіне таңылған жалаға қол қоюға мәжбүр еткен сталиндік зұлым жүйе сүлесоқ, мән-мағынасыз, үмітсіз күйге түскен қажыған адамның дәрменсіз кейпі еді. Жендеттер рөлін сомдаған 9, 10-сынып оқушылары Арнұр Әбіл, Жігер Іргебай және Сәкеннің жары Гүлбахрамның рөлін сомдаған Жаннұр Сейтеновалар сол кездегі жағдайды көрермен көз алдына әкелді. «Сұңқар Сәкен» жинағына енген ақын Темірше Сарыбаевтың «Сәкен тірі» деген өлеңімен қорытындыланған поэтикалық әдеби-композиция соңында барлық қатысушыларға сый-сияпат жасалды.

**Ақнұр ҚЫДЫРМАНОВА,**
**№ 2 үлгілі кітапхана-филиалының меңгерушісі**

# «СӘКЕН – ЖЫРДЫҢ САРҚЫЛМАС ДАРИЯСЫ»

## *атты жыр мүшәйрасы өтті*

Jastar JYLY QAZAQSTAN 2019

**Жезқазған қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі мемлекет және қоғам қайраткері, ақын Сәкен Сейфуллиннің 125 жылдығына орайластырып, «Өзіңмен сырласады ұрпақтарың» атты Сәкен апталығын өткізді. Мағынасы терең, берері мол тағлымды шаралар легі «Сәкен – жырдың сарқылмас дариясы» атты жыр мүшәйрасынан бастау алды.**



Қала жастарының басын қосқан жиынның шымылдығын орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Ғалия Түгелбаева өз құттықтауымен ашты.

– Сәкеннің 125 жылдығын кең көлемде атап өтудің мақсаты – қазақтың ақиық ақыны, жалынды жазушысы, дарынды драматургі, мемлекет, қоғам қайраткері есімін ұлықтау ғана емес, оның елін, жерін сүйген ұлы мұратын үлгі ету. Сәкеннің атқарған ісі мен асыл мұрасын зерттеген Тұрсынбек Кәкішев бір сөзінде: «...Сәкеннің күрескерлігі сонша – ұлтының бақыты мен теңдігі үшін тірісінде күресіп, өткен тұлғаның асыл рухы оны жоққа шығарушылармен өлгенде де күресіп келеді», – деп, оның бар болмысын сипаттап кетті. Сәкен еліне сіңірген еңбегімен, қайталанбас дара тұлғасымен, тіршіліктегі үлгі-өнегесімен, сондай-ақ, артына қалдырған мол мұрасымен ұрпақ жадында мәңгі сақталады, – деді.

Жезқазған қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі 16-35 жас аралығындағы жастар арасында қазақтың біртуар ұлы Сәкен Сейфулиннің 125 жылдығына орай ұйымдастырған жыр мүшәйрасына қатысуға 15 жас ақын ниет танытқан. Тар жол тайғақ кешіп, Алаштың аспанынан ағып түскен жарық жұлдыз Сәкен Сейфуллиннің есімін тебірене жырға қосқан жастарды марапаттау салтанатында «Құрмет» орденінің иегері, «Қаламгер» клубының төрағасы Батырбек Мырзабеков сөз алып, жас ақындарға бағыт-бағдар сілтеді.

Т.Қалмағанбетов атындағы Жезқазған филармониясының әншісі Қайрат Әбеуовтің орындауындағы Сәкеннің сөзіне жазылған әндермен айшықталған шараның сәнін мүшәйра жеңімпаздарының өлеңдері кіргізді.

Мүшәйраның қорытындысы бойынша «Үкілі үміт» номинациясын Аружан Төлеубек, «Шалқар шабыт» номинациясын Дәулет Асқар, «Күміс қалам» номинациясын Толғанай Әжібаева, «Сырлы сөз» номинациясын Жансұлтан Шахманов, «Ұшқыр ой» номинациясын Ақниет Тағыберген иеленді. Жүлделі ІІІ орын Мәди Олжабайға бұйырса, ІІ орынды Думан Сайдалин қанжығасына байлады. Абай Ораз жүлделі І орынды жеңіп алды.

«Ұлан-ғайыр жер ұрандап шығар
тосты есім,
Үрейлі қаңтар, үлгермей қомдап
қос көшін
Тар жол тайғақпен Омбыға кеткен
қазақ ұл,
Тарихтағы ізің өшпейді, мәңгі өшпесін»

– деп жыр арнаған Аружан Оралбай бас жүлдегер атанды.

**Бота ШАЛҚАР**
*Суретті түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

# Уақыт уәжі



Өткен жылдың соңында Жаңаарқа аудандық Мәдениет үйі жанындағы драма үйірмесі өнер ұжымына Халық театры атағы берілгеніне елу бес жыл толды. Жаңаарқа ауданының тұрғындары үшін елеулі оқиға болған осынау бір шағын жетістіктің жарқ етіп жария етілгеніне осынша уақыт өте шығыпты. Осы оқиғаның басы-қасында болып, сол атаққа қол жеткізу мақсатында тікелей тер төккен менің де, жер ауғандай мекен ауыстырып, кете барған шағымнан бергі мерзім де биыл елубесжылдық белеске айналды.

Ұлы Отан соғысынан бұрын туып, балалық шақтары соғыспен арпалыс жылдарының дауылдарына шалдыққан, жауын жеңіп, бейбіт күндерін еңбектегі ерліктерімен шалқытқан халық тынысымен бірге әуелі орта мектептерін, сонсоң жоғарғы оқу орындарын ойдағыдай аяқтап, елінің екпінді тірлігіне араласқан сол кездегі жастардың қарқыны да адам қызығарлық, ел сүйсінерлік ерекше көріністерге толы болатын. Сол шақтағы жастар бойындағы жан жадыратар қасиеттер ішінде, әсіресе, өнерпаздық ұшқындар жарқылдап тұратын. Жастар ортасы бейне таланттар мен дарындылар қайнарындай қызықтыратын.

Театр. Бұл сөз де, осынау өнер де қазақ даласына ХХ ғасырдың алғашқы жартысында келіп орнықты. Әлі 25 жасқа да толмаған Сәкен Сейфуллин төңкеріс дүбірімен дүр сілкініп тұрған Ақмола кентінің сахнасында «Бақыт жолында» пьесасын қойып, қазақ қауымына алғаш рет осы өнер түрін таныстырып жатқан шақта тағы бір өрімтал жас қаламгер Мұхтар Әуезов халқымыздың ауызекі шығармашылығынан, аңыз-қиссалары арасынан ойып алып, көрер көзге тіл бітірген «Еңлік-Кебек» драмасын Семей қаласының сахнасына шығарған екен. Ақыры осы бастамалар іздері жалғаса келіп, 1926 жылдың басында қазақтың тұңғыш кәсіби театры дүниеге келген еді. Арада он жыл өтпей жатып осы өнер шаңырағының сахналық қойылымдары, оларды көрерменге бар бояуымен жеткізе білген орындаушылар әлемнің мәдени ошақтарының бірі Мәскеу шаһарындағы қалың қайраткерлерді таң қалдырып, тәнті етті. Арқа бұлбұлы Күләш Байсейітова «КСРО халық артисі» атағына лайықты дарын иелерінің алғашқыларының бірі болып танылды.

Театр өнері, жоғарғы мемлекеттік қамқорлықта құрылған мәдениет мекемелері шеңберінде ғана қалып қоймай, халық арасындағы барша өнерпаздарды да тығыз біріктірген үйірмелер мен ұйымдардың қалыптасуына себепші болды. Кез келген еңбек ұжымдарында, оқу орындарында, мектептерде сахналық көріністер мен қойылымдар дайындаумен айналысатын әуесқой драма үйірмелері жұмыс істеді. Қалалардағы өнеркәсіп кәсіпорындарында жұмысшы жастар театры, ауылдық жерлерде колхоз театрлары пайда болды. Сондай колхоз театрының бірі Жаңаарқа ауданында 1942-1948 жылдарда жұмыс істеген еді. Оны ұйымдастырған бұрын бірнеше жыл Гурьев облыстық драма театрында әртіс болып еңбек еткен Жаңаарқа ауданының тумасы Асан Есенов деген азамат болатын. Біз Асекеңді кейін Сәкен Сейфуллин атындағы совхозда жиі көретін едік. Бұл колхоз театрында кейінгі уақытта Қарағанды облыстық драма театрында әртіс болып істеген, Қарағанды облыстық теледидар студиясында режиссер болып еңбек еткен Айтуған Салықов, кейін музыка өнерін зерттеуші ғалымға айналған Жиенбек Рсалдин, осы кісінің алғашқы жары Ахмедия Мұқсинова және солар қатарлы талай жас өнерпаздар жұртшылық назарына іліккен-ді.

Мен 6-7 жасар бала кезімде «Ақтүбек» колхозының басты ауылы «Қызылшоқы» жайлауында отырғанда осы өнерпаздардың орындауындағы «Қыз Жібек» қойылымын көргенім есімде қалыпты. Олар бір киіз үй алдына сахна құрып, сол үйдің есігінен сахнаға шығып, ойындарын көрсеткен болатын. Сонда Төлегенді Бекежанның қалай өлтіргенін көргенде «Менің әкемді де біреу осылай өлтірді-ау!» деп жылағаным есімде. Бала болсам да, әкем мен оның екі бірдей інісі жақында ғана жеңіспен аяқталған соғыста қаза тапқаны көкіректе қалып қойса керек.

Әрине, мен ол кезде өзім де ержете келе осындай өнерпаздар сапында жүріп, дала еңбеккерлеріне қызмет көрсететінімді білгенім жоқ. Тағдырдың жазуымен, 1960 жылы қазақ өнерінің қарашаңырағы Қазақтың академиялық драма театры жанындағы театр студиясынан драма әртісі мамандығын алып шыққан 8 түлек Қарағанды облыстық Сәкен Сейфуллин атындағы драма театрына келіп орналастық. Осы топта кейін «қарашаңыраққа» қайтып барып, ондаған жыл еңбек етіп, үлкен талант ретінде танылған Қазақстан Республикасының халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әнуар Молдабеков пен оның зайыбы Баян Әшімова болды. Бізбен бірге осында еңбек жолын бастаған көкшетаулық Жақып Омаров, жаңаарқалық Аманжол Сәлімбаев, ұлытаулық Төлеш Тұңғышбаев үшеуі кейін арнайы жоғары оқу орындарына түсіп, театр режиссеры мамандығын алып шықты. Олар республика театрларының біразында тамаша қойылымдарымен көрініп, бас режиссер лауазымына дейін көтерілді. Мәселен, Жақып Астанадағы Қалибек Қуанышбаев атындағы драма театрының ашылуы мен қалыптасуына орасан зор еңбек сіңірді. Сол кезде Қарағандыға бізбен бірге келген Шамиль Жүнісов кейін осы театрда еңбек етіп, Республикаға еңбегі сіңген әртіс атағын алды. Біздің қатарымызда Қарағанды театрында өнер жолын бастаған Айымторы Тайғаринова кейінірек Алматы театрларына ауысып кетті.

Біздің жастық шағымызда дүниеде жаңа бір өнер түрі – теледидар өнері пайда болды. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары басында Қазақстанның кез келген қаласында теледидар студиясы ашылып, халыққа ақпараттық және мәдени қызметтерін көрсете бастаған болатын. Қарағанды театрларының әртістері де Қарағанды облыстық теледидар студиясы дайындайтын спектакльдерге қатысып, қосымша өнер шыңдау ұясы ретінде пайдаланатын, оның үстіне аздаған қаламақысымен де қызықтыратын. Сол теледидар қойылымдарынан Айтуған Салықов ағамыз дайындаған Абайдың жастық шағы туралы спектакльге бір топ әртіс қатысқанымыз, Қарқаралы қаласына барып, қойылымның кей көріністерін киноға түсіргеніміз де есімде.

Мен 1962 жылдың басында өз еркіммен бір байламға келіп, театрдағы жұмысымнан шығып, туған жерім Жаңаарқадағы аудандық Мәдениет үйінің драма үйірмесіне жетекшілік етуге кірістім. Өйткені, облыс орталығына көркемөнерпаздар байқауына келген жерлес өнерпаздардың талаптары мені қызықтыратын. Олардың драмалық қойылымдарында жетіспей тұрған кәсіби өнерге тән де қажет қыр-сырларды сіңіре білсе, көрерменнің көңілінен шығар сахналық туындылар жасауға болатыны аңғарылып тұратын. Оның үстіне, театр студиясын бітіргенде Ташкенттегі Орта Азия өнер институтының театр режиссеры факультетіне түсуге арналған жалғыз жолдама маған берілген еді. Бірақ, мен оған отбасы жағдайымен бара алмай қалғанмын. Осы себептен де болар, мен режиссерлық талпынысымды клуб өнерпаздарымен жұмыс барысында шыңдамақ ниетке тоқтағанмын.

Аудандық мәдениет бөлімі қызметкерлерінің барлығы дерлік драма үйірмесінің мүшелері саналады. Басқа мекемелерде еңбек ететін талантты жастар да үйірме жұмысына белсенді араласады. Мен сол алғашқы бір жыл ішінде өнерпаздар бұрын өздері қойған С.Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар» спектаклін қайта жаңғыртып, Ғабит Мүсіреповтің «Қыз Жібек» драмасын, Қалтай Мұхамеджановтың «Бөлтірік бөрік астында» комедиясын, жергілікті жазушы Асан Жұмаділдиннің «Той боларда» бір актілі пьесасын сахнаға шығардым. «Қыз Жібек» қойылымын Мәдениет министрлігінің арнайы комиссиясы келіп көріп, үйірмеміздің еңбегін жоғары бағалап, 1963 жылдың желтоқсан айында үйірме ұжымына Халық театры атағы берілгені туралы шешім шыққанын хабарлады. Бұл хабарды аудан жұртшылығы, әсіресе, өнерпаздар қуана қарсы алды. Дегенмен, менің қуанышым ұзаққа созылмады. Аудан басшыларына тек қана «Ауданымызда халық театры да бар» деген мақтан ғана керек екенін, енді театр жұмысына жан-жақты қамқорлық болмайтынын сезсімен мен жаңа жұмыс орнын іздей бастадым.

Қарағанды облыстық радио және теледидар хабарларын тарату комитеті мені Балқаш қалалық телестудиясына жібергелі жатқанда комитет төрағасы кеңсесінің алдында Жезқазған телестудиясының директоры Зиновий Львович Шкундин кездесе кетті де мені өзі басқарып отырған студияға шақырды. Осы кісінің ұсынысын неге қабылдағаным есімде жоқ, әйтеуір көп ұзамай, 1964 жылдың қыркүйек айының басында Жезқазғанға келіп орналастым ғой.

Жезқазған кен-металлургия комбинатының көркемөнерпаздық телевизия студиясы үйірмесінен қалалық теледидар студиясына айналғанына 5-6 жылдай ғана уақыт болған мекеме ғимаратының құрылысы енді аяқталуға жақындаған кез екен. Қазіргі ғимараттың оңтүстігінде іске қосылған жиырма шақты шаршыметрлік шағын бөлме студия көрсетілімдері эфирге шығарылатын негізгі орын да оның үлкен терезелі бір қабырғасына студияның басқару пульті орналасқан екен. Басқару пультіне режиссерлар мен дыбыс режиссерлары ғимараттың сыртқы терезесінен кіріп-шығады. Мен жұмысымды осы пультті басқаруды үйренуден бастадым. Көп ұзамай, сол күздің аяғына қарай ғимарат құрылысының барлық жұмыстары аяқталып, жаңа студияның кең де жарық павилионы мен екінші қабатта орналасқан соңғы техника жетістіктерімен жабдықталған басқару пульті және басқа да қызмет бөлмелері пайдалануға берілді.

Жаңа ғимараттың пайдалануға берілуі студия қызметкерлерінің шабытын арттыра түскені анық. Жаңа павильонда үш бірдей телевизиялық камера қатар жұмыс істеп тұрды. Редакторлар өз хабарларына көбірек адам қатыстыруға тырысты. Балалар редакциясы, жастар редакциясы, көркемөнер хабарлары редакциясы қалаған еңбек ұжымдарын, қалаған өнерпаздар ұжымдарын студияға шақырып, теледидар көрермендерінің ризашылығына бөленді. Студия режиссерлары телевизиялық спектакльдер қоюмен кеңірек айналыса бастады. Студияда толыққанды екі шығармашылық топ еңбек ететін еді. Бірі – қазақ тіліндегі хабарларды дайындайтын топ, екіншісі – орыс тіліндегі хабарларды дайындаушы топ. Қазақ редакциясын Әбілқасен Әміралин ағамыз басқарса, орыс редакциясының бас редакторы Нина Ивановна Маркина болатын.

Мен алғашқыда балалар редациясының режиссеры болып орналастым. Редакцияның аға редакторы Ақылбек Шайхин мені қасына ертіп алып, маған қаладағы үш қазақ мектебін – қала орталығындағы №8, Рудниктегі (қазіргі Жезқазған поселкесі) №7 және Весовой поселкесіндегі №10 мектептерді аралап көрсетіп, мектеп басшыларын таныстырып шықты. Екеуміз осыдан бастап бірге жүріп, осы мектептерден хабарлар ұйымдастыратынбыз, өнерлі балаларды студияға шақырып әкеліп, талап-талпыныстарын көпшілік көрерменге көрсететінбіз, балаларға арналған шағын ертегілерді көркемөнерпаз әртістермен сахналап, немесе суреттермен көркемдеп, жиі эфирге шығаратынбыз. Балаларға арналған хабарларды, телевизиялық журналдарымызды көбіне мектеп оқушыларының өздеріне жүргіздіретінбіз. Солардың ішінде Бақыт Шынтөрина мен Әлихан Бәйменов және тағы басқа бірнеше бала жас дикторлық міндеттерін жап-жақсы атқарушы еді.

Бір-екі жылдан соң, менің журналистік қабілетімді байқаған студия басшылары маған әдеби-көркем хабарлар редакциясының жұмысын жүктеп, мені редакторлар сапына қабылдады. Редакцияның атына қарай, әдебиет пен мәдениет салалары жайлы, көркем тіл мен өнердің атақты қайраткерлері жайлы хабарлар дайындап отырдық. Мәселен, жазушы туралы хабарда оның шығармасынан үзінділер оқып, кейбір туындысынан алынған үзіндіні сахналық көрініске айналдырып, қолдан келгенше қаламгер турасында толығырақ дерек жеткізуге тырысатынбыз. Ақындар шығармаларын дәріптеуге арналған «Бұлбұл бағы» атты шағын хабарымызда жаңа жыр жинақтарынан өлеңдер оқылатын. Бұл айдардағы алғашқы хабарымыз Қадыр Мырзалиевтің осы аттас жыр кітабындағы өлеңдерімен ашылып еді. Ол кезде Жезқазғанда театр жоқ. Соған қарамастан, өнерпаз әртістеріміздің күшіне сүйеніп, телевизиялық спектакльдер де дайындап жүрдік. Мәселен, Ғ.Мүсіреповтың «Оянған өлке» және «Дауылдан кейін» романдарын сахнаға лайықтап қойып, З.Шашкиннің «Ақын жүрегі» драмасы мен Қ.Мұхамеджановтың «Бөлтірік бөрік астында» комедиясын қаламыздағы өз өнерпаздарымыздың күшімен экранға шығарып, көрермендерімізді разы ету мақсатында еңбек етіп бақтық.

Жезқазған телестудиясының алғашқы дикторлары Шұға Нұрмағанбетова, Жанбау Бірманов және Елизавета Яковлевна Ким болды. Шұға кейін редакторлық қызметке ауысса, Жанбау режиссерлық қызметке көшті. Жанбаудың дайындаған қойылымдары ішінде Бейімбеттің «Раушан коммунист» пьесасы мен Тәкен Әлімқұловтың «Күтпеген кездесу» атты әңгімесі бойынша сахналанған драмасы есімде қалыпты.

Әртістеріміз қаламыздың әртүрлі мекемелерінде еңбек ететін өзіміз қатарлы жастар болатын. Мәселен, ботаника бағының ғылыми қызметкері Иса Мұсырғалиев, орта мектеп мұғалімдері Рая Мамажанова, Төлеу Баянқұлов, комбинат қызметкерлері Советбек Шайқыбеков пен Қуат Жандарбеков, кен байытушы жұмысшылар Мейрамбек Арыстанбеков пен Мұрат Әбішев, Гвардия Айымдосов пен Аманкүл Байсалбаева және тағы басқалар. Ұлы Отан соғысы алдындағы көркемөнерпаздар үйірмелерінің жұлдыздары болған Әнуза Әтібекова мен Зейнеп Шұжықова да қатардан қалмай, біздің бастамамызға белсенді түрде қатысатын.

Жезқазған телестудиясы республикалық телевизиялық байқауларға үзбей қатысып отыратын. Мысалы, «Жолдас» байқауынан бірнеше рет жеңімпаз болып оралғанбыз. Бұл арнайы дайындалған дүниелердің авторы көбіне Жүрсін Ерманов болатын. Мен ол туындылардың режиссеры ретінде көрінетінмін.

Жезқазған телестудиясындағы тағы бір елеулі қызметіміз телевизиялық айтыстар ұйымдастыруымыз болса керек. КСРО мемлекетінің құрылуының 50 жылдығы қарсаңында Оңтүстік Жезқазған кеніші мен Солтүстік Жезқазған кеніштері ақындарының телевизиялық айтысын өткіздік. Оңтүстік кеніш ақыны кен инженері Иран Ильяшев болды да, Солтүстік кеніш ақыны болып студия редакторы Мәлік Алтыруов айтысқа түсті. Екеуінің де ақындығы бартын. Айтыс мәтіні, әрине, алдын ала жазылып, еңбек ерлерін мадақтайтын тұстарда тиісінше кейіпкердің суреттері немесе киносюжеттері көрсетіліп тұрды. Сондай бір айтыс Қарсақпай мыс зауыты мен Жезді кен басқармасы арасында өткізілді. Бұл айтыс теледидардан берілмес бұрын Жезді клубында толығымен тікелей көрермендер алдында көрсетілді.

Сонымен мен Жезқазған телестудиясында 22 жыл еңбек еттім. Режиссер да, редактор да болып істедім. 3-4 жыл бас режиссер міндетін де атқардым. Кейін газет редакциясына ауысып, біржола журналистикамен айналысуға тура келді.

**Аманжол ҮСЕНТЕГІ,**
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі**

ӨНЕГЕ

# АСЫЛДАРДЫҢ ҒҰМЫРЫ – ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ ТҰҒЫРЫ

**Қалалық мұрағатта басшылық қызметте жүргенде Аналар мерекесі – 8 наурызда дастархан басында еменжарқын тамаша әңгіме болушы еді. Ұжымда негізінен қыз-келіншектер істейді. Ән де шырқалады, домбыра шанағынан жанға тағат берер күй де төгіледі, өлең де оқылады. Қыз-келіншектер көңілі шалқып, жаны пейіш төріндегідей аспандайды. Алуан түрлі көріністер қойып, бидің түбін түсіреді...**

Сондай бір отырыста тілек кезегі келгенде мұрағатшы Айнұр Нұриденованың айтқан сөзі кісі толғанарлықтай болды. Өзі Жезқазған педагогикалық колледжін бітірген. Білім қуып, Алматыға барып, Абай атындағы Қазақ педагогикалық университетінде қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығын алған. Дипломының қосымшасында – кілең үздік баға. Менің айтайын деп отырғаным, бұл емес, басқа. Ол – сол жолы Айнұрдың өзі оқып берген, анасы Болтайдың мына бір шумақ арнау-тілегі:

«Жаз дейсің, не жазайын Аяужаным,
Қызығым, қызғалдағым, балаужаным!
Ғұмырың ұзақ болып, азамат бол,
Ауыртпай жамандықпен Ана жанын!».



Күлбарам Қашқынбайқызы

Ойы – терең, жаны – жақұт, ауылдағы қарапайым әйелдің қаламынан да кейбір тәуір деген ақындардың аузына түспеген асыл сөздер туады екен. Шынымен, озық-созық жатқан табиғаттың заңы адамның еркіне бағынбайды. Мен алпысыншы жылдардың орта тұсында Нұриден ағай Сұлтановтың шаңырағында болып, Болтай апамыздың қолынан дәм татқан едім. Бір шаруамен «Шеңбер» кеңшарының Коскөл бөлімшесіне бардым. Біраздан жолым түспепті. Жерлестерім – өзім қатарлас дос-жаран бар. Ферма меңгерушісі Нұрекеңнің үйінен тамақ ішіп, әсерлі әңгімеге ерік беріп, қанаттанып қайттым. Әлгі отырыста ойда-жоқта жеті ата жайлы талас туып кетті. Менің құрдасым, иманды болғыр Тәжікен Махметов санай бастады да, «Бала, әке, ата... әрмен қарай...» – деп, әңгіме жұмбағын ортаға тастады. Төрде отырған жергілікті тарихшы, марксист, насихатшы-коммунист Көпей Жабаев орысша желдете жөнелді: «Ребенок, отец, дедушка, прадедушка, прапрадедушка...». Кенет тежеліп, «Әрі қарай қалай еді?» – деп бізге қарады. Дастархан басындағылар ду күлді. Ортамызда отырған бір жиені «Көпекеңнің Құлагері құлаған жері осы шығар», – деп, қағытып жатыр. Сол сәтте дастархан қамымен жүрген отыздың ортасындағы отанасы сөзге араласты. «Рұқсат болса, мен айтайын», – деді ол. «Айта ғой, қарағым, асыл – тастан, ақыл – жастан», – деп жатыр Көпей ағамыз.

«Шалқар» радиосынан қытай қазағының жеті атаны «бала, әке, ата, баба, түп ата, тек ата...», – деп таратқанын естідім. Ал, Ғабит Мүсірепов әкеден бастап төмен қарай «бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат» деп келіп, оны «жүрежат, жекжат, жұрағат, қайманамен» аяқтайды», – деді Болтай апай.

– Е, бәсе, қазақта туыстықтың шекарасы жеті атамен тәмам болатын. Жеті атаға толған соң «жеті атаға жеттік, жеке елге келдік», – деп, дүйім жұртты жинап, боз бие сойып, ақ дастарханнан бірге дәм татып, «араларымыз жақын болсын, кешегідей тату-тәтті бірлікте болайық», – деп бата беріп, бәтуаласып тарасады. Патша заманында бұлар бойынша болыстар құрылған. Аңқау қазақты біріне-бірін қарсы қойды, араларына жік түсті. Сары даланың уыздай ұйыған, өзіне ғана тән ережелері босаңсып, ұлт бірлігі бұзылды, рушылдық белең алды, соның салқыны әлі бар, – деп ойын бір түйді Көпекең.

Сөйтті де ақсақал Болтай жөнінде әдемі пікір білдірді. «Болтай – 20-30 жылдары Қарсақбайдың құрылысына, жаңғыруына қатысқан коммунист Құрмансейіт Баймағамбетовтың қызы. Әкесі Атбасар уездік партия комитетінде жұмыс істеп, сол кездегі тілмен айтқан білімді, орысша-қазақшаға судай, саяси-идеялық көзқарасы қалыптасқан, шыныққан адам еді. Қарсақбай аудандық атқару комитетінің төрағасы болып істеген. Аштықтан есеңгіреп, жүдеген аудан тұрғындарының мал иеленіп, өндіріске жұмысқа тұрып, тұрмысын көтеруіне барынша көмек жасаған. НКВД-ның қармағына ілігіп, ажал аузында тұрған талай азаматтың тағдырына араласып, аман алып қалған. Біздің әкей де 58-баппен айыпталып, түрмеде жатқанда, ауатком төрағасының шапағатымен ісі қайта қаралып, бостандыққа шыққанын айтып отырушы еді. Ол кісінің қамқорлығын көргендер – біреу-екеу емес, бірнеше ондаған, шала сауатты, кәсібі жоқ, қарапайым адамдар болатын. Бірақ, осы жақсылықтары Құрмансейіттің өзіне жамандық болып жабысты. 1938 жылы 27 мамырда «Халық жауы» деген жаламен Қарағанды облыстық НКВД басқармасы тұтқынға алып, РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-2, 58-7, 58-8, 58-10,058-11 баптары бойынша айыптап, үштік шешімімен сол жылдың 28 қазан күні атылды.



Болтай Құрмансейітова мен Нұриден Сұлтанов

Екі жасар Болтай мен ересек қыздарын ерткен анасы Күлбарам Арғанатыға, төркіндеріне оралды. Күлбарам – текті атаның тумасы, салмақты ойдың, байсалды сөздің иесі. Қанында қасиет бар Болтай да тарихқа құмар, сөзге жүйрік, әнші-домбырашы болып бойжетті. Үйдегі кітапханасы өте бай. Ауыз әдебиеті туындылары, ақын-жыршылар шығармалары мол онда. Қазақ радиосын үзбей тыңдайды. Би-шешендердің сөздерін жатқа біледі», – деген еді ұлағатты ұстаз Көпекең риза пейілмен.

Ферма бухгалтері, өз қатарластарының алдыңғы сапында жүрген бесаспап азамат Нұриден мен Болтай 1961 жылы отау көтерді. Өмірі өз таңдауы түскен қыздың тағдырымен ұқсас, әкесі бес жасында дүниеден озып, қиын заманда еңбекпен есейген, етінің тірлігімен ат жалын тартып мінген жігіт шаруаға мығым, тиянақты болды. Өте еңбекқор еді, қолы бос қарап отыруды білмейтін. Қамшы өріп, басқа да ат әбзелдерін дайындап, үй тіршілігіне қажетті бұйымдарды қолма-қол жасап тастайтын. Зерделілігінің арқасында ауылдық кеңес атқару комитетінің хатшысы, кеңшар жұмысшылар комитетінің төрағасы, бас бухгалтері және басқа да қызметтерді абыройлы атқарды. Қашан көрсең де, күлімсіреп, жүзінен нұр-шуақ шашып тұратын, мейірімді келбетімен ғана емес, соған сай әдепті әрекеттерімен ерекшеленетін Нұриден ағайды оны білетін, қызметтес болған жандардың бәрі қадір тұтатын. Ағамыздың өзінен кейінгі буынға іс-әрекетімен тағылым көрсете білгені анық жайт.

Ең бастысы, Нұриден аға секілді асыл азаматты Жаратушы Хақ Тәңір парасаты биік жар-қосағымен жарылқаған. Ілім-білімді үйде отырып-ақ жинаған, дипломды жандардан бір мысқал кем түспейтін, ненің болсын, төрелігін төтесінен айтатын Болтайды ауыл адамдары төбе бидей көрді. Ол ағайын арасындағы кез келген түйінді мәселенің шешімін шығара білді. Кеңес қажетсінетін үлкен-кіші ол кісіні өздері іздеп тұрды. Қатын-қалаш тұрмақ, өз қатарында ешкім, тіпті, жігіт ағалары алдын кесіп өтпеді. Небір тентекті тезге салып түзетті. Ауыл басшылары да «Болтай тәте не дер екен?» – деп алаң көңілде отырды. Кезінде жас келін болып, бүгінде өздері әже атанғандар бірінің аузына бірі түкіргендей «Болтай тәтеге қарап, бой түзедік», – дейді қазір. Міне, осыдан-ақ, Нұрекең мен Болтайдың көпшілік үшін бағдаршамға айналғаны көрініп тұрады.

Олардың соңында бойына өнеге сіңірген, тәлімі келісті ұрпақ қалды. Әжесі Күлбарамның бауырында өскен Ахат Құрмансейітов – мемлекеттік басқару саласында мерейлі болған танымал азамат, ақын-журналист, қазір облыстық «Орталық Қазақстан» газеті Бас редакторының орынбасары.

Кеңшар тарағанда Нұрекең балаларына бас болып, жеке шаруа қожалығын құрды. Қазір мақтаулы шаруашылықтардың бірі, кенжесі Құрмет сол шаруашылықты жүргізіп отыр. Өмірлік ұстанымдары ата-анасынан аумаған, іс пен сөздің ретін білетін Сағаты – ауылдық округ әкімі. Қуат – қалың қауымға белгілі қаламы жүйрік журналист. Соңғы кезде Елордада өз баспасын ашып, кәсіпкерлікпен сәтті шұғылданып жүр.

Уақыт зымырап өтіп жатыр. Нұриден ағай мен Болтай апай бақилық болған. Олардың нұрлы бейнесі мен тәлім-тәрбиесінің кемелдігін балаларының бүгінгі тірлігінен көруге болады. Асыл жандардың ұрпағы сәулелі болашақты бетке алып барады.

***Нұриден Сұлтанұлы, Болтай (Гүлсара) Құрмансейітқызы, Құрмансейіт Баймағамбетұлы, Күлбарам (Гүлбаһрам) Қашқынбайқызы және басқа да өмірден өткен аяулы жандардың рухына арналған ас 19 қазанда, сағат 12.00-де Жезқазған қаласындағы «Алтын сарай» мейрамханасында беріледі.***

**Сағындық ҚОЖАМСЕЙІТОВ,**
**мемлекеттік қызмет ардагері, Жезқазған қаласының және Ұлытау ауданының Құрметті азаматы.**

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

**Жезқазғандағы «Қалалық автомобиль жолдарын басқару» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны – қала тіршілігіне қатысты ауқымды істермен айналысатын іргелі ұжымдардың бірі. Мұнда 180-нің үстінде адам еңбек етеді. Кәсіпорын қаланың жолдарын күтіп ұстау, ағымдық жөндеу, қысыжазы тазалау жұмыстарымен айналысады. Сонымен қоса, қаламен іргелес Кеңгір, Талап, Малшыбай елді-мекендерінің ауызсу мен кәріз жүйелері де – осы мекеменің құзырында. Кейінгі жылдары жекешелендіру тізіміне іліккен кәсіпорын ұжымы «Ендігі жағдайымыз не болады?» деп, алаң күй кешуде. Көп шаруалары қала әкімдігінің қамқорлығына байланысты шешілетін мекеменің экономикалық жағдайы бұрыннан да мықты емес болатын. Редакциямызға хабарласып, алаңдаушылығын білдірген адамдардың айтуынша, үш айдан бері жұмысшылар еңбекақыларын алмапты. Мекеменің алдағы ахуалының бұлыңғыр болуына байланысты біраз адамдар жұмыстан шығып, қош айтысып жатқан көрінеді. Біз осы мәселенің мәнісін білу ниетімен қала әкімдігінде және кәсіпорын басшысында болып, қалыптасқан жағдайды зерделеп көрген едік.**

# АЙЛЫҚ АЛМАЙ, АЛАҢ КҮЙ КЕШУДЕ

Еліміздегі жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кешенді жоспарын жүзеге асыруға байланысты Жезқазған қаласының әкімдігі 6 кәсіпорынды сауда-саттыққа шығарып, алғашқы кезеңде 2 нысан сатылған болатын. Бір кәсіпорын 2016 жылы таратылып, 2017 жылы қаулыға өзгеріс енгізілуіне байланысты екі мекеме саудаға қоюдан алынды. Ал, осылардың қатарындағы «Қалалық автомобиль жолдарын басқару» кәсіпорнына (ҚАЖБ) жағдайды оңалту міндеті қойылған еді. Өйткені, бұл кәсіпорын 2017 жылғы қыркүйек айындағы жағдай бойынша бюджетке 86,8 млн. теңге қарыз болды. Оның ішінде корпоративтік табыс салығы, қосымша құн салығы және айып өсімі болатын. Іс сотқа жетіп, «Оңалту және банкроттық туралы» Заңның талаптарына сәйкес мойындағы қарыздарын өтеудің мерзімі белгіленіп, ұйғарым шығарылды. Осыған орай кәсіпорынның жекшелендірілуі кейінге шегеріліп келді. Жағдайды оңалту мерзімі 2018 жылы аяқталды.

Кәсіпорынды сатуға шығарудың сәті биыл түсті. Алайда, осыған дейін болған екі ашық тендерде кәсіпорынды алуға ниет білдіргендер табыла қоймады. Жезқазған қаласының экономика және қаржы бөлімінің дерегі бойынша ҚАЖБ кәсіпорнының бастапқы бағасы 43,2 млн. теңге болған. Ол жолы тілек білдірушілердің болмауына байланысты екінші саудаға құны екі есе төмендетіліп, 21,6 теңге бағамен шығарылыпты. Бұл жолы да жұлқынып шыққан ешкім болмапты. Алайда, жекешелендіруде сатылатын ғимарат, мекемелердің ешкім алмаса екі еселеп арзандай беретінін жақсы білетіндер «әліптің артын бағып», соңғы сауданы күтіп отыруы да мүмкін. Үшінші сауда қарашаның басында болады. Ондағы баға – 10,8 млн. теңге. Бұл жолы сатылмаса жекешелендірудің ережесі бойынша кәсіпорын таратылады. Міне, жекешелендіру дүрмегі басталғалы ұжым мүшелерінің қобалжып, алаң күй кешуінің бір шеті де осында. Біз үш айдан бері жалақы төлемеудің себебін сұрап, коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның басшысы Ерғали Исмаиловқа жолыққан едік.

– Біздің кәсіпорын мен қала әкімдігі арасындағы 2019 жылдың келісім шарты бірінші тоқсанға ғана жасалған болатын. Одан кейінгі уақытта да бұрынғы міндетімізді атқарып, тиісті жұмыс көлемін орындадық. Алайда, келісім шарттың болмауы қаржыландыруда қолбайлау болды. Жұмысшылар алдындағы жалақыдан қарызымыз 31 млн. теңгеге жетті. Жақында қала әкімінде болып, қалыптасқан ахуалды жеткіздік. Әкім жағдайға түсіністікпен қарап, атқарылған жұмыстар үшін қаржы аударылуына пәрмен беретін болды. Осы бірер күнде еңбеккерлер жалақысын алатын болады. Бізде барлығы 182 адам бар-тын. Кәсіпорын сатылады, жабылады деген әңгіме тарағалы 40-50 адам жұмыстан шығып кетті, – дейді кәсіпорын басшысы.

Жекешелендіру шарасын ұйымдастырушылар да, ұжым басшылығы да осы үшінші саудада кәсіпорынды сатып алуға тілек білдірушінің табылатындығына үмітті. Шындығында, айтарлықтай іргелі кәсіпорынның ендігі бағасы 3-4 бөлмелі пәтердің құнындай ғана болып отырған жоқ па. Кәсіпорында 30-дың үстінде арнаулы техника бар. Кезінде миллиондаған бюджет қаржысына алынған бұл мүліктері саудаға қойылмайды. Ашық тендер жарияланбас бұрын техникалар мен гараж жабдықтары қала әкімдігінің Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің құзырына берілді. Олар енді бұл сала жекеменшік түріне айналған кезде арнаулы техникаларды жалға берулеріне болады. Жалпы қаланың автожолдарын күтіп ұстау, жөндеу, тазалау жұмыстары алдағы уақытта қалай болады деген оймен қала әкімінің орынбасары Нұржан Орынбаевқа жолыққан едік.

– Осы бағыттағы белгіленген жұмыс көлемін атқаруға байланысты әкімдік бөлімі конкурс жариялайды. Конкурс жеңімпазы автожолға және селолық округтердің ауызсу мен кәріз жүйелерін күтіп ұстауға байланысты жұмыстармен айналысатын болады. Атқарылған жұмыс көлеміне орай әкімдік қаржысын төлейді. Бұл жөнінен проблема туындауға тиіс емес, – дейді Нұржан Серікұлы.

Жекешелендіру – нарық заманы талаптарының бірі. Ол жөнінде әңгіме жоқ. Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын жекеменшік қолына өткенімен қаланың жолдарын жөндеп, күтіп ұстау сияқты оларға тән жұмыс көлемі әкімдіктің конкурстық тапсырысы бойынша атқарыла бермек. Ал, 180-ге жуық еңбеккердің алдағы тағдыры, әлеуметтік ахуалы не болмақ? Бұл мәселе бүгінде жете ойластырылып отырған жоқ. Сондықтан да, мекеменің таратылуы жөніндегі ескерту қағазын қолға алған адамдардың алды жұмыс іздеп сергелдеңге түсе бастаса, қалғандары көңілдері күпті болып істің артын күтуде. Өйткені, кәсіпорынды жекеменшікке алған қожайынның осыншама адамды қажетсінбейтінін олар жақсы біледі.

**Амандық РАХҰЛЫ**

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

# Дархан СҮЛЕЙМЕН: ӨНЕР АДАМЗАТТЫ ТӘРБИЕЛЕЙДІ

**Арқа төрінде ұйымдастырылған «Тұлға» сыйлығын иеленген жас таланттардың бірі – Дархан Сүлеймен. Актерлік өнердің сан-саласын жетік меңгеріп, түрлі марапаттарға ие болған ол – «Кейкі мерген» тарихи туындысында батырдың рөлін сомдап, ел ықыласына бөленді. Ендеше, біз де Дархан Сүйлейменнің шығармашылығымен тереңірек танысқанды жөн көрдік.**



***– Дархан мырза, сізді қасиетті Ұлытау жеріне келіп иеленген марапатыңызбен құттықтаймыз. Жалпы өнер адамдарына қойылатын дәстүрлі сұрақ – актерлік жолға қалай келдіңіз, сол туралы айта кетсеңіз.***

– Рахмет баршаңызға. Шынымды айтсам актер боламын деп ешқашан армандаған емеспін. Бала күнімнен әскери маман иесі болғым келді. 6-сыныпты бітірген соң әскери бағыттағы «Жас ұлан» мектебіне түскім келіп, астанаға жол тарттым. Барсам, мені жасым өтіп кеткендіктен қабылдамады. Сол арманмен 9, 11-сыныптардан кейін де әскери мамандыққа тапсырдым. Бірақ, тағы әскери мамандық бұйырмады. Сөйтіп әскери академияның алдында достарымның ақыл-кеңесімен актерлік мамандыққа тапсырамын деп шештім. Ауыл сахнасын бермей, одан қалса той, беташар жүргізіп жүрген маған өзімді актерлік қырдан көрсету онша қиын болмады. Т.Жүргенов атындағы өнер академиясына барып шығармашылық емтихан тапсырдым. Академия ректоры Тілеуғабыл Қышқышбаев қолымызды алып оқуға түсуімізбен құттықтады. Әрине, қуанышымда шек болмады. Бірақ, бір аптадан соң менің және тағы екі жігіттің есімдері грант тізімінен алынып тасталғанын білдім. Себебі, оралман студенттерге берілетін жеңілдіктер қайта қарастырылып, біздің грантымыз соларға беріліпті. Бұл, әрине, оңай тиді дей алмаймын. Бірақ, мен бәрібір актер боламын деп тастай буындым. Сол мақсатпен келесі жылы қайтадан тест тапсырып, өнер академиясының студенті атандым. Меніңше, адам шын ниеттену керек. Алған бетінен таймайтын ерік-жігер мақсатқа жеткізбей қоймайды.

***– Сіздің ойыңызша актер мамандығының, жалпы театрдың елге берері не?***

Театр – халықты тәрбиелеуші деп жиі айтып жатамыз. Бірақ, соңғы кездері бұл сөздерге көп келісе бермеймін. Себебі, қазіргі таңда халықты тек театрмен тәрбиелеу мүмкін емес. Театр сахнасында көп образдарға рұқсат беріле бермейді. Актер қандай рөлді болсын ойнап шығуға, оны халық таңғалатындай қылып алып шығуға міндетті. Ал оны көп жұртшылық теріс қабылдап жатады. Және кино өнері театрдан гөрі көрерменге тез жетеді және тез қабылданады. Өнердің қай саласы болсын тәрбиемен астасып жатуы керек. Мен үшін өнер – мәдениет айнасы. Адамды өнер ғана жақсылық пен жамандыққа, ақ-қараны ажыратып, әсем де зерделі болмыс қалыптастыруға тәрбиелейді деп ойлаймын.

***– Кімдерді үлгі тұтасыз?***

– Өнер академиясында үлгі тұтар ұстаздарым көп. Солардың қатарында екінші әкемдей болған Маман Байсеркенов бар. Ол кісіге дейін қазақ актерлік өнерінде нақты жүйе қалыптаспаған еді. Сол ұстазым орыс актері әрі режиссері Константин Станиславскийдің актерлік өнердің негізгі жүйелері туралы еңбектерін қазақ тіліне аударып, өзі де түрлі еңбектер жазған өнер қайраткері болатын. Өкінішке орай, қазақ өнері үш жыл бұрын осынау ұлы азаматынан айрылып қалды. Одан кейін үлгі тұтар ұстазым, бүкіл шәкірттің жанашыры болған ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, профессор – Дариға Тұранқұлқызы. Актерлер үшін маңызды екі пән бар: Бірі – «Актерлік шеберлік» пәні болса, екіншісі – «Сахна тілі» пәні. Дариға Тұранқұлқызы бізге «Сахна тілінен» дәріс берді. Өнер академиясына түскен жастар арасында бойын артық мақтаныш сезімі кернеу, «Өнер академиясына оқуға түстім, болды. Мен – жұлдызбын!» деген жалған сезімдерді бастан өткеру өте жиі болатын құбылыс. Міне, сондай кезеңде осы ұстазымыз бізді оп-оңай өз орнымызға қоятын. Ал керісінше, құлап бара жатқан шағымызда бір ауыз сөзбен-ақ еңсемізді тіктеп алатын. Құлаған сәтте көтеру былай тұрсын, аяулы да арда сөздерімен биікке шығаратын. Міне, қаталдық пен нәзіктікті, даралық пен даналықты қос қанатындай серік еткен Дариға ұстазыма алғысым шексіз. Осындай ұстаздардан тәлім алғаныма шын мақтанамын.

***– Театр, кино актерлігімен қатар дубляж актері екенсіз. Сол туралы айта кетсеңіз.***

– Студент кезімізде түрлі кастингтерге барып, телеарналарға дауысымызды жазып қалдыратынбыз. ІІІ курста оқып жүргенімде КТК телеарнасынан дубляж жасауға шақырту алдым. Солай осы салаға еніп, қыр-сырымен таныстым. Дубляж – өте қызықты сала. Мысалы бір киноға дубляж жасағанда бір актер сегіз ер адамның дауысын дыбыстауы мүмкін. Оның біреуі жуан, бірі жіңішке, бірі жай, бірі тез сөйлеуі мүмкін. Олардың көңіл күйлерін шынайы сезініп, бар актерлік шеберлігіңді салғанда ғана туынды мінсіз болып шығады. Осылай КТК, 31 арналардан бастап еліміздің көптеген телеарналарында қызмет еттім. 2010 жылы оқуды бітірген соң Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрына шақырту алдым. Міне, кәсіби актерік қызметім осылай басталды. Бүгінде алты айдай болып қалды, дубляж саласындағы жұмысты тоқтаттым. Театр мен кино саласына дендеп бет қоюға бел байладым.

***– Сізді кино саласында қалың жұртшылық «Кейкі мерген» туындысы арқылы таниды. Бұл сіздің кино саласындағы алғашқы жұмысыңыз ба?***

– Бұған дейін «Судағы із», «Ақылдың кілті», «Тасөткел», «Тар заман» сынды киноларға түстім. Бұлардың көбі – тарихи фильмдер. Сол себепті болар, 16 бөлімнен тұратын, өзім басты рөлді сомдаған «Кейкі мерген» туындысы жаныма жақын болды. Әрине, тарих бетінде алтын әріптермен жазылған биік тұлға образын сомдау – өте үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Ұлттық арнаны басқарған Ерлан Кариннің бастамасымен режиссер Мұрат Бидосов түсірген бұл көркем туынды менің шығармашылығыма жаңа тыныс алып келді дер едім.

***– Қасиетті Ұлытау аймағы, Сарыарқаның төсіне келіп республиканың әр өңірінен жиналған өнер майталмандарының арасында жас болсаңыз да оза шауып, «Тұлға» сыйлығына ие болдыңыз. Ізіңізден ерген жастарға қандай ақыл-кеңес бересіз?***

– Қазақстанның барлық өңірінде болдым десем де болады. Бірақ, Орталық Қазақстанға, соның ішінде Жезқазғанға бірінші рет келіп тұрмын. Қазақстанның орталығына өзім қыдырып барып қайтсам ба деп те ойлап жүргенмін. Сол ниетім жақсы жағынан орындалып, осынау игі шараның құрметті қонағы болу бұйырыпты. Марапатқа, атаққа ешқашан қызыққан емеспін. Әрбір адам, оның ішінде өнер адамы халыққа танымал болу үшін емес, сүйікті болу үшін жұмыс жасау керек деп ойлаймын. Сонда ғана биіктен көрініп, бағың жанады. Жоғары республикалық дәрежеде өткен меценат Бекзат Алтынбеков тағайындаған «Тұлға» сыйлығының иегері атанғаныма қуаныштымын және ұйымдастырушыларға алғысымды білдіремін. Осынау шараны абыроймен атқару жолында бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып үлкен ауызбіршілігін танытқан жезқазғандықтардың ұйымшылдығы, кішінің ағаға, үлкеннің кішіге деген сыйластығы таңқалдырмай қоймады. Алдағы уақытта да Арқа төсінде бұндай игі шаралар жалғасын таба береріне сенім мол.

***– Сұхбатыңызға рахмет. Еңбегіңізге жеміс тілеймін!***

*Сұхбаттасқан* **Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

---

**Жезқазған – тек өндірістің орталығы ғана емес, өнер мен білімнің ордасы, ән мен жырдың мекені. Алдыңғы буын ақындардың ізін басып келе жатқан жас таланттардың өзі – бір төбе. Бүгінгі арнаулы бетте сол жас ақындардың бір тобына кезек бергенді жөн көрдік.**



**Құрмет ТІЛЕУЛИНОВ** 1992 жылы Ұлытау ауданы Аманкелді ауылында дүниеге келген. 1999 жылы №3 Аманкелді орта мектебінің 1 сыныбына қабылданып, 2010 жылы аяқтады. Мектеп қабырғасында аудандық, облыстық, Абай оқуларында, Төлеген Айбергенов оқуларында бірнеше мәрте жеңімпаз атанды. 2014 жылы Ө.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетін экономика мамандығы бойынша тәмамдаған.

Бірнеше қалалық, облыстық мүшәйралардың жеңімпазы. Аудандық, қалалық газеттерде өлендері бірнеше мәрте жарияланған.

Қой баққан күнім-ай күзді күн,
Қызмет құдық па біз бүгін.
«Тышқаннан» талғанда қолдарым
Іздейді БЕС ҚАСҚА тізгінін.

Ат мініп кезетін даланы
Күнім-ай ол қайда қалады?
Ат үсті талмаған тақымым
Кресло үстінде талады.

Балалық әдет қой тоқыған,
Ат мініп ереже оқыған.
Кресло құлатып кетпе деп,
Тақымды қысып ап отырам.

Ақталды демегің өлеңге,
Іздеймін жырымды терем де.
Кресло астымда болғанмен,
Өлеңім мәңгілік төбемде.

***Әжемнің ертегісі***

Қала жақтан бір көлік көрінсе егер,
Біздің үйге келердей тосқан едік.

Солай өтті бал шағым, аңғал шағым.
Бұл күнде естелік бар, таңдар сағым.
Ер жеттік, білім алып, жігіт болып
Арман қуып, қалалық әнді аңсадым.

Қалада болсын деумен жолым ақтан.
Ортаға келіп түстік толы қақпан
Көкбел де, көкжиек те көрінбейді,
Көше бойлап жүреміз көлік аққан.

Ауылдың басталады таңы бестен,
Бала едік ерте малға тұрып өскен
Ауылдағы әдет қой, үйден шықсам
Есік құлыптау кетеді шығып естен.

Ауылдың тым бөлек қой әні мүлдем,
Адамдары аққөңіл жаны күлген
Алысқа арман қуып кетсем дағы,
Ауылдың баласымын бәрібір мен,
Сарлықтың баласымын бәрібір мен!

***Телефон әлегі***

Телефон күнді қылдың-ау дүбір,
Көңілде сол ой маздап тұр әлі.

«Ұлытау үні» фестивалі аясында өткен «Жез далам, жез қалам – Жезқазған» жыр мүшәйрасының арнайы сыйлық иегері.

***Жыр арқауы – Жезқазған***

Ақшам уақыт, жатқанда соға сағат,
Ойлануға таптырмас оңаша қап.
Қайтуға да болады қала ішінде,
Ғарышкерлер бақ жолын тамашалап.

Сыйластығы бұндағы елдің бөлек,
Сәтбаевым, бағалы бердің дерек.
Ем алып кетесіздер толқынынан,
Демалып көрсеңіздер Кеңгірге кеп.

Берекелі айналдым бітіміңнен,
Біздер үшін мекенсің құты кірген.
«Байлық шығып жатыр» деп байып табам,
Мең-зең болып «медзавод» түтінінен.

Тас жүректі тарихпен жібіте алдым,
Үш жүзіңнің үндеуін ұмытар кім?
Ұлт бірлігін басына ту ғып тіккен,
Ұлылық мекен еткен Ұлытаудың.

Кеңгір, Кеңгір!



**Абай ОРАЗ** –1994 жылы Сәтбаев қаласында дүниеге келген. 2016 жылы Қарағанды «Болашақ» университетін филология мамандығы бойынша бітірген. Педагогика ғылымдарының магистрі.

Республикалық, облыстық мүшәйралардың жүлдегері.

***ЖЕЗҚАЗҒАННЫҢ ЖАҢБЫРЫ***

Шөлейттеу жердің шөбі едім,
Шөліркеп әлі келемін...
**Ғ.Жайлыбай**

Ақ жауын себелесе әр тараптан,
Ызғарын орталатып, тартады ақпан.
Ортаңда жаңбыр мінез бір ақын бар,
Қосылған, беу, Алматы, Арқа жақтан.

Басады аптап ыстық маңдайға отты,
Қайтейін, жан шыдамай таңдай кепті.

## «...Пернелі тақтаны басатын, Саусағым қаламын аңсады»

***Өзіңсіз ғұмыр ғұмыр ма?***
***(Жезқазғанға)***

Самала шамдар санама салып түрлі арман,
Түнгі қалада түнек жоқ, бәрі – нұрланған.
Самалды бақта салтанат күйін шертіп тұр,
Көктемнен шыққан көк терек жаңа бүр жарған.

Жарасқан жастар, сиқырлы сылқым күлкісі,
Бақытты жандар алаулап тұрған түр-түсі.
Сүйсіне қарап отырды ұзақ жастарға
Жігіттік күнін соғыс жалмаған бір кісі.

От ойнап бір сәт көзінен қарттың көнерген,
Көктемін көрді жастармен қайта көгерген.
Сыбырлап айтқан сырларын ғашық жандардың,
Сібірлеп анау су бұрқақ ала жөнелген.

Әуезге бөлеп өзінше ол да қаланы,
Шаттана шулап мың түрлі әнге салады.
Солқылы қатты толқыны Кеңгір соққанда,
Кереді келіп кеңітетіндей жағаны.

Бере салғандай берекесімен көктен бір,
Жезқазған – жақұт, бақыт пен еңбек, өктем жыр.
Жанардың аппақ айнасы Кеңгір қоршаған,
Қарашығындай жайнайды қала мөп-мөлдір.

Сол жанарлардан төгеді мейірім арайын,
Сыйдыра білген ұлттар мен ұлыс талайын.
Арыңа – абай, барыңа – бекем бола біл,
Қарашығыңа қылау түспесін, ағайын.

Бірлікті сақтап, іргеңді ұста бүтін ғып,
Өндірісіңнен будақтай шықса түтін нық.
Ұл-қызың барда, Жезқазған, биік жұлдызың,
Болашағыңа күмәндану да күпірлік.

Күйініп дұшпан, сүйініп досым қарасын,
Шағын болсаң да, бағым боп менің жанасың.
Қаныштан қалған қасиетіңнен айналып,
Ардақтар сені әлі де талай Алашым.

Өзіңсіз кешкен ғұмырым сірә, ғұмыр ма?
Шет жүрсем сенен сағынып жүрек шымырла.
Қайда жүрсем де тартып тұрады табаным,
Балапан тырнақ таңбасы қалған тұғырға.

***Қызмет***

Компьютер алдына байланып.
Кресло үстіне жайланып.
Бір бөлме ішіне қамалып.
Шықпайтын болдық қой айналып.

Өлеңге мойын жоқ бұратын.
Алдымда жобалар құратын.
Таң ата кіргеннен бөлмеге.
Болдық қой күн бата шығатын.

Миымда қағаздан шаршады.
Сынбайды бірақ та жан сағы.
Пернелі тақтаны басатын,
Саусағым қаламын аңсады.

Тапсырма бұйрықпен мықтайды,
Телефон шабытты ұқпайды.
Тау-тасты сағынған көздерім
Монитор ішінен шықпайды.

Жыр кіріп мазалап түсіме,
Жарыла жаздаймын ісіне.
Даладай көңілді қалайша
Сыйғызам бір бөлме ішіне?!

Сезімім сезгенін нақ табад,
Жүректен алушы ем ақпарат.
Бұл күнде іздесем бірдеңе.
Интернет түкпірін ақтарам.

Кетпегің өлеңім сырт аунап,
Көңілге қызмет бұлты аумақ.
Күндер-ай жыр оқып, ат мініп,
Ел кезген тазы ертіп, түлкі аулап.

Жүн көрпе бәріміз жамылып,
Пеш түбі отын бір маздатар.
Кешкісін сол жерден табылып,
Тізіліп жатамыз қаз-қатар.

Кешқұрым. Әжеден сый қалап,
Әжеміз сан мың күй шертеді.
Шөбере, шөпшегін жинап ап,
Айтатын әңгіме, ертегі.

Жармасып бәріміз қолына,
Ертегі тыңдайтын түріміз.
Біріміз жетсек те соңына,
Ұйықтап қаламыз біріміз.

Айтатын әжеміз сонау жыр,
Қағумен шөбере жамбасын.
Ұйықтамай қалсақ біз ояу бір,
Ертегі табатын жалғасын.

Сансыз ой қиялмен алмасып,
Жатқандай боламыз сөз ұғып.
Ертегі кететін жалғасып,
Бәріміз қалғанша көз іліп.

Балалық бал дәмді сезініп,
Әжемен гүлденген бағымыз.
Ертегі тыңдаумен көз іліп,
Әнімен ататын таңымыз.

Біз өсіп, ер жеттік, күз келді,
Қайда сол ертегі, әңгіме?
Ұйықтатам деп жүріп біздерді,
Ұйықтапты әжеміз мәңгіге.

Көз жұмып кеткен соң әжеміз,
Ертегі сол жылы үзілді.
Қайда сол әңгіме наз егіз,
Ұйықтатып тастайтын қыз-ұлды.

Осы сәт жанымды өртеді,
Кеткен бе заман-ай қиықтап.
Балалар тыңдамай ертегі,
Шет елдің әнімен ұйықтап.



**Медет ҚАРАХМЕТОВ** 1991 жылы Ұлытау ауданы Аманкелді ауылында дүниеге келген. Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетін «Экономика және менеджмент» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Жезқазған қалалық «Кеңгір толқындары» ақындар мүшәйрасының жеңімпазы, облыстық «Бұхарекең жырлайды» жыр жарысының, тағы да басқа мүшәйралардың жүлдегері. Жезқазған қалалық «Жас толқын» жас ақындар клубының мүшесі.

«Сарыарқа» сериясы бойынша жарыққа шыққан «Арқадағы арда жыр», «Өр үмітті жастар» атты жинақтарға өлең топтамалары енген. Өлеңдері аймақтық басылым беттеріне жарияланып тұрады.

***Ауылдың баласымын***

Ауылдың таза ауасы тылсым анық,
Таң атпай құс сайрайтын жыршы халық.
Оянып қарағанда тереземнен,
Қос шоқым тұрушы еді күн шығарып.

Мал жайып, салып алып шекпенге құрт,
Зорман қуып кетуші ек көкбелге еріп.
Сол кеткеннен шаршауды білмей, үйге
Келуші ек, күн ұяға кеткенде еніп.

Бір көмек сұраса егер басқа келіп,
Баратын ек жасардай асқан ерлік.

Көтермей қалсаң қоңырауды бір,
Жарылып кете жаздап тұрады.

Жауапсыз қалса, мұңға батамыз,
Баз кешердей боп талай күндерден.
Телефон жоқта ата-бабамыз
Адасып кетпей қалай күн көрген?

Желі бар жерде ұялым деген,
Бермейді қайда барсам да маза.
Арқалап алып қиялыма өлең,
Ауылға кетіп қалсам ба таза?

Мазаламайды тегіс ештеңең,
Құшағын ашар, кең алып далам.
Жел ескенменен, желісі еспеген,
Ауылға барсам демалып қалам!

Дамыған заман, сол ма зияны?
Куәсі болам жиі шідердің.
Сәттерді көрем, қолдағы ұялы
Телміртіп қойған үй-ішін елдің.

Телефон жайлы есіткендегі,
Кімге жетеді, бірақ бұл үнім.
Кіріп ем үйге есіктен бері,
Телефон сұрап жылап тұр ұлым...

***Биылғы жыл***

Бүгін менің көңілім мазалы шын,
Биыл ауыр жыл боп тұр қазақ үшін,
Отырам да кетемін ойға батып,
Жыр жазуға жетіп тек таза күшім.

Қыс ортасы көкке ұшты бес періштең,
Ажал оты тұтанып пештегі іштен.
Жанайқайы шықты одан аналардың,
Жан түршігер осынау көрген істен.

Қыс өтті-ау деп жүргенде тыныш ақпан,
Сәуірде сәуле болмай жылы шақтан.
Ай мен күн аманында ғайып болды,
Сарбаздарым от құшып тікұшақтан.

Жаз шығып жатқан кезде күн құлпырып,
Сайлау деп «жетеу» төрге ұмтылды нық.
Әр түрлі күйге салып әрбір жанды,
Қос астана басылды бір бұлқынып.

Одан, қатер төніпті Арысыма,
Бауырлар-ай қашыпты жан ұшыра.
Қазақпыз ғой, көрсек те қанша бейнет,
Шыда жаным дейтұғын,
Тағы шыда...

Үйің кетсе, күйің де кетер сынып,
Үкімет, ел еңсесін көтерші нық!
Арыстағы қойманы ұстай алмай,
АЭС жайлы әңгіме бекершілік..

Байбаламға басудың жоқ баяны.
Даурыға берген жұрттан бақ таяды.
Басы қатты басталған осы жылдың,
Болсыншы деп тілейік тәтті аяғы.



**Аружан ОРАЛБАЙ** – Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 3-курс студенті. «Жаңа өлеңмен жүздесу» жобасының мүшесі.

С.Сейфуллиннің 125 жылдығына арналған «Сәкен – жырдың сарқылмас дариясы», «Жыр арқауы – Жезқазған» жыр мүшәйраларының бас жүлде иегері. «Сиқырлы гитар тілімен» аймақтық фестивалінің «Ақын» номинациясы бойынша 2-орын иегері. 29-шы аймақтық

Кеудеме толып өлең,
Толқынына тамшы боп төгілер ем.
Кері қайтқым келмейді, жеткеннен соң,
Қызылорда-Жезқазған жолыменен.

Тұрсаң деймін дара боп бар ғаламнан,
Шырай кіріп, шырағың арда жанған.
Шын бағың шыңдарында мәңгі орнаса,
Тағдырың тауларыңа таңбаланған.

Мейлі, алтын-күміспен апталма да,
Маңдайыңа батпандай бақ қонған, ә?
Туған жерім емес деп қалай айтам?
Жастығымның жалынын жаққан қала.

***Ішім – қамау, шаршадым,***
***сырт та – қамау***

Ішім – қамау, шаршадым, сырт та – қамау,
Өлең өшті...
Ал, хаттар...
Жыртпағам-ау.
Түйдек-түйдек қалдырып көңілге мұң,
Көшіп кетіп барады бұлттар анау.

Күрең күздің күрсініп шығар демі,
Есеңгіреп, еске сап тұр әр нені.
Сол бұлттарға өтініш айтар болсам,
Сенің барып төбеңе жылар ма еді?

Жылуы жоқ, барады жат боп қала,
Көңілсіз бір орнаған сәт баққа да.
Төбеңе кеп төгілген жүрегімнің
Тамшыларын кетпеші таптап қана.

Ол - мендік жас, түн куә, жан көрмеген,
Ол - мендік жай, бейшара хәл меңдеген.
Алақанды жай-дағы, аспанға тос,
Жан жараңды жууға жәрдем берем.

Естеліктің әлі жүр есте дені,
Еш қаламай жалғаннан ештеңені.
Менің соқыр сезімім жылап жатыр,
Сенің кереңи күйіңді кешпегелі,
Ал, жүрегім...
Жүрегім не істер еді?

***

Жылымды ұрлап сағаттар, сағымды үкті,
Жаным көктік, ал тәнім қабірлік-ті.
Тақтаға да жаза алмас тағдырымды
Тар маңдайға сыйдырған тәңір мықты.

Қырдан өсек қашқанда, ойдан бір сын,
Жоғалар жол іздедім қайран қыршын.
Сыртың сөйлеп тұрғанын ұқпайтындар
Ішіңде не жатқанын қайдан білсін.

Құлшыныстан арылдым, құса басып,
Өңнен соқпақ таба алмай, түс адасып.
Тек, түндерді «сырласым» деп ұққанда,
Кеткім келді дұшпанға құшақ ашып.

Берілгенде сын сағат – пендеге хәл,
Жетесіздер жетеді-ау жерлеген ар.
Бір кещеден қалғанда көңіл шіркін,
Жер-жаһанды жек көру менде де бар.

Жарамсаққа іс түссе қазір ғана:
Атақты - апа,
Бай - көке,
Азулы - аға.
Пенделердің күнәсі пейілінде,
Періштенің кінәсі жазуда ма?

Бақыт бақи орнайтын бар ма шағы?
Аяй берсең адамнан ар қашады.
Соқа басың сорыңнан арылғанда,
Бақа-шаян балаққа жармасады.

Жаратқаным кетпедің жанымды ала,
Тамызық бер мұздаған тамырға да.
Көңілім-ай, күніне мың көмілген,
Жүрегім-ау, қамалған қабырғама.

Алатау жаққа қарай көңіл алаң,
Жаңбыры Жезқазғанның жаумай кетті.

Шарқ ұрып сағыныштың сазын ала,
Ұшайын назырқанып жаныңа, аға!
Кеңгірдің толқынындай толқып жатқан,
Кеудеңді толтырайын базынаға.

Жезқазған жалғыздықты жиі ұқтырды,
Жыр жазбай кеудеме шер, күйік тұнды.
Арқадан ауып кетсем деймін кейде,
Қайрылмай кеткен ұлар, киік сынды.

Жә, аға, бұдан әрі күрсінбелік,
Бір күні жұбатады бұлтым келіп.
Күбірлеп жол үстінде жүрдім талай,
Жағамды көтеріп ап су-су болып.

Ұшпаққа шығарады өз биігім,
Өлең деп өресі кең сөзге ұйыдым.
Жау енді, Жезді өлкенің ақ жаңбыры,
Еске сал Кәкімбектің «Жезкиігін».

Жастықтың соңы – нөсер, басы – жалын.
Босама, жел қанат жыр, атыңа мін!
Алыстың сағынышын жеткіземін,
Қаныштың бауырына аты мәлім.

Жылқыда жүрген жандай мылтық атып,
Ақ нөсер жырыңды оқы жұртыңа ақық.
Жауа түс, Жезқазғанның ақ жаңбыры,
Қалайық азды кем күн шұрқырасып!

***КӨЗІҢЕ ҒАШЫҚПЫН***
**І. Күзгі бояу**

Көз алдымда
Шықтай боп таңда басылған,
Бір ару жылап тұрады.
...Жәудірдің әр қарасынан
Жауапсыз сұрақ туады.

Жанардың да
Күздей боп солары бар,
бірдей дөп біздікіндей.
Әлгі қыздың жанары дәл –
мен ғашық қыздыкіндей.

Ар алдында
Кінәлінің самғамайтынын,
білетін әлем көп еді.
Көзіңнің алдамайтынын,
Еш ақын дәлелдемеді.

Топ алдында
Күз-сұрғылт соқпаққа түстім,
жол табам ба екен?
Өртену үшін аптап та құштым.
Кім көрер қалқадан бөтен?!

Адасса көзіңнен көзім,
сөздерді күстәналайсың.
Жиіркенем өзімнен-өзім
Сондықтан тік қарағайсың!

Бұл сүрлеу сұрапыл екен:
тамшылар тайғанамасын.
Ұлықбек ұлы ақын екен –
Абайды қайда қоясың?!

***ІІ. Сурет туралы сөз***

Дәл сол қыздың суреті тұрған анау,
Мүмкін емес күніне бір қарамау.
Маған қарап тұрады қос қарашық,
Алаңдап-ақ жүрегім күнде жамау.

Жанға рақат жартыкеш – осы маған,
Сөйлесімен, күлемін, жекіп алам.
Қырсықпаса бола ма қыз атаулы,
Ынтықпасам боламын несіне адам.

Балауыз шам секілді сығырайған,
Баяғыдан махаббат жыры – майдан.
Көз жасыңа көміліп қаламын-ау,
Болып жүріп осыған түбі қайран!

# Қанат Сұлтанұлы БАЛМАҒАМБЕТОВ (1958-2019)

2019 жылдың 15 қазанында белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы, ел патриоты **Қанат Сұлтанұлы Балмағамбетов** дүниеден өтті.

Қанат Сұлтанұлы Балмағамбетов 1958 жылы Жезқазған поселкесінде дүниеге келген. Жезқазған қаласындағы № 24 орта мектепті бітірген. 1979 жылы Жезқазған пединститутын орыс тілі және әдебиеті пәндерінің мұғалімі мамандығы бойынша, 1987 жылы Алматы халық шаруашылығы институтын экономист мамандығы бойынша тәмамдаған.

1979-1982 жылдары – Қазақстан ЛКЖО обкомының нұсқаушысы, облыстық студенттер отрядының командирі, 1982-1988 жылдары – Халық депутаттары кеңесі облыстық атқару комитетінде аға референт, 1988-1993 жылдары - «Жезқазғансельстрой – 11» тресінде басқарушының орынбасары, «Облагропромстрой» бірлестігі бастығының орынбасары, «Жезқазғанпромстрой» тресінде басқарушының орынбасары, 1993-1995 жылдары – «Жаңаарқа» коммерциялық орталығының директоры, 1995 жылдың қарашасынан Жезқазған қаласы әкімінің бірінші орынбасары қызметтерін атқарды.

1999-2008 жылдары Сәтбаев қаласының, 2008-2010 жылдары Жезқазған қаласының әкімі, 2010-2014 жылдары «Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының бірінші орынбасары, 2014-2018 жылдары «Қазақмыс» корпорациясы басқармасында жауапты қызметкер, 2017-2018 жылдары Жезқазған қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы болды.

Адал еңбегі үшін «ҚР Тәуелсіздігіне 10 жыл», «ҚР Конституциясына 10 жыл», «Ерен еңбегі үшін» медальдары және «Белсенді қызметі үшін» төсбелгісімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен марапатталды. Қанат Сұлтанұлы өзі қызмет еткен жердің барлығында әріптестері арасында халық арасында, зор бедел мен құрметке ие болды. Қарапайым жандардың тағдырына елеңдеп, оларға әрдайым көмек беруімен есте қалды. Елге адал қызмет етіп, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, халықтың ризашылығына бөленді.

Қанат Сұлтанұлы Балмағамбетовтің жарқын бейнесі Ұлытау-Жезқазған өңірі тұрғындарының, оны білген жандардың жүрегінде мәңгі сақталады.

**Қ.Б. Бегімов, С.Т. Медебаев, М.А. Аханов, А.А. Мұхамбедин, Н.С. Орынбаев, З.Ж. Ақылбекова, С.Ү. Қожамсейітов, А.А. Байқасынов, Т.Н. Бүкіров, Б.К. Шыңғысов, Г.И. Қаженова, Б.К. Алтынбеков, А.М. Минигулов, А.С. Ахметов, А.Ж. Өтебеков, Қ.Т. Назарымбетов, А.Ж. Құрманов, Л.Т. Төлеуғалиева, Л.Н. Ранова, З.С. Чумакова, Б. Әлеуханұлы, Д.Қ. Мұхан.**



Жұртына сыйлы болған ел ағасы 2019 жылдың 15 қазанында дүниеден өтті.

Қанат Сұлтанұлы 1958 жылы Жезқазған қаласында дүниеге келген. Жезқазған қаласындағы №24 орта мектепті бітірген. Жезқазған пединститутын орыс тілі және әдебиеті пәндерінің мұғалімі мамандығы бойынша (1979), Алматы халық шаруашылық институтын экономист мамандығы бойынша (1987) тәмамдаған.

Еңбегімен елге сыйлы болған ел ағасы Халық депутаттар кеңесі облыстық атқару комитетінде аға референт. «Жезқазған – сельстрой-11» тресінде басқарушының орынбасары, «Облагропромстрой» бірлестігі бастығының орынбасары, «Жаңаарқа» коммерциялық орталығының директоры,1995 жылдың қарашасынан Жезқазған қаласы әкімінің бірінші орынбасары қызметтерін атқарды. Сәтбаев қаласының, Жезқазған қаласының әкімі қызметтерін атқарды.Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы. Көп жылғы жемісті еңбегі үшін жоғарғы лауазымдық марапаттарға ие болды.

Жезқазған қалалық білім қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы мен білім бөлімі,білім ұйымдарының басшылары Қанат Сұлтанұлының қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, барлық туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болып, жәннәттан орын бұйырсын демекпіз.

**Жезқазған қалалық білім қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы мен білім бөлімі, білім ұйымдарының басшылары**

## АҢҚЫЛДАҒАН, АҚ КӨҢІЛ АҒАМЫЗ ЕДІ...

Қасиетті Жезқазған өңіріне зор еңбек сіңірген, асыл ағамыз Қанат Сұлтанұлы Балмағамбетовтің дүниеден озғаны туралы қаралы хабарды қабырғамыз қайысып қабыл алдық. Адамның асыл қасиеті, ақыл парасаты көзі тірісінде емес, өзі өмірден озғанда айқынырақ бағаланады. Қанат ағамыз жоғары адамгершілігімен, терең білімімен, өз ісіне адалдығымен ерекшеленетін еді.

Аңқылдаған, ақ көңіл ағамыз едің...

Әкеміз Ғибадулла Қабышұлын үлкен сыйластықпен қатты құрметтеуші едіңіз.

Отбасыңызға, туыстарыңызға қайғырып, көңіл айтамыз.

О дүниеде жатқан жеріңіз жайлы, қабіріңіз нұрға толы болсын.

***Көңіл білдірушілер:* інілері – Олжас, Айдос.**

# ҰМЫТПАЙМЫЗ, ҰСТАЗЫМ!

Туған елден қайғылы хабар келді – Қанат Сұлтанұлы Балмағамбетов дүниеден өтіпті. Қанекең мемлекеттік қызметтегі алғашқы ұстазым еді. Ол кісінің маған берген ақылы, мемлекеттік қызметтегі алғашқы қадамдарыма қатысты бағыт-бағдары туралы әлеуметтік желіде, өзімнің Фейсбук парақшамда да жазған болатынмын.

Осыдан жиырма жыл бұрын, 1999 жылы Қанат Сұлтанұлы Кеншілер қаласының әкімі болып тағайындалды. Бұған дейін ол Жезқазған қаласы әкімінің бірінші орынбасары болатын. Жеке кәсіпкерлікпен енді-енді айналыса бастаған кезім ғой, кейбір мәселелерді шешу үшін қала әкімдігіне жиі баруға тура келетін. Кейде таңертең ертелетіп немесе кешкі сағат 10-11 шамасында да бара беретінмін. Сонда таң қалатыным, қашан барсам да Қанат Сұлтанұлы жұмыс орнынан табылатын.

Ол мені талай рет ағамдай ақылын айтып отырып, асығыс шешім қабылдаудан тоқтатты. «Бәрі әлі-ақ шешімін табады, неге күйгелектене бересің, сабырлы бол, Төлеутай» дейтін. Сәтбаев қаласына әкім болып тағайындала сала Қанат Сұлтанұлы мені өзіне әлеуметтік сала бойынша орынбасар болуға шақырды. Мен бір ай бойы келісім бермей жүріп алдым. Шынымды айтқанда, барғым келмеді. Бірақ, Қанат ағамнан бармасыма болмайтын, одан әрі бас тартып, бұлтаруға келмейтін сөз естігенде, көнбеске шарам қалмады. Ол маған «Төлеутай, сен әрқашан биліктегілерден шындықты талап ететін едің ғой, өзің де шыншылдықты сүйетін адал жансың. Мұны мен жақсы білемін. Бірақ, сен мұны көпшілікке дәлелдеп, көрсет. Мен саған сондай мүмкіндік беріп отырған жоқпын ба? Неге бас тарта бересің? Әлде қолыңнан келмей ме? Келеді. Бұл жұмыс сенің қолыңнан келеді» деп ақыры көндірді.

Содан арада 3-4 ай өткенде экономика саласы бойынша, ал, кейін тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша орынбасар қызметтерін атқардым. «Неге бір саладан екіншісіне ауыстыра береді?» деп ойлайтынмын. Сөйтсем, Қанекең мені шаруашылықтың әр саласынан хабардар бола берсін деп жүр екен ғой. Қасына ертіп алып көшелерді, үйлерді аралайтынбыз. Сонда бәрін өзі көрсетіп жүреді. «Міне, көріп тұрсың ба, мына жер сыпырылмаған, ана жер тазартылмаған, жылу болса берілмеген» деп маған атқарылуы тиіс, назарға алу керек түйінді тұстарды көрсетіп отыратын. Білгенін үйретуден жалықпайтын. Және қажет болса қолына күрек алып, тырнауыш алып өзі бастап жұмысқа да кірісіп кететін. Мен үшін Қ. Балмағамбетовпен қала әкімдігінде жұмыс істеген жылдар тамаша өмір мектебі болды десем артық айтқандық емес!

Қанат Сұлтанұлына қатысты мына бір жәйт есімде мықтап қалып қойды. Әкімдіктің бір жиынында Қ. Балмағамбетов маған қатты сын айтып жатты. Содан ақталмақ болдым ба, «Бұл маған дейінгі отырған мамандардың өз жұмысын дұрыс орындамағаны салдарынан» деп айтып қалдым. Сонда Қанат Сұлтанұлы көзілдірігін алып тастап, маған тесіле қарап «Істей алсаң, басқалардан, өзіңе дейінгілерден артық істе, істей алмайсың ба, кінәні басқадан іздеме» деді зілді дауыспен. Бұл маған үлкен өмірлік сабақ болды.

Қанат Сұлтанұлы жоғарыдағылардың тапсырмасын емес, жай қарапайым жандардың жағдайын, пікірін бірінші орынға қоятын. Кезінде су алып жатқан әкімдіктің жертөлесін жөндетіп, тазартып, жағдайы төмен жандарға арналған асхана етіп ашып берген де Қанекең болатын.

Қаржы жағынан қиындық болған кезде де әйтеуір бір жол таба білетін. Сәтбаевтағы ең алғашқы «таза бейсенбіліктерде» қала әкімі аппаратын өзі бастап шығып, сыпырғыш, тырнауыш дегендерді қала кәсіпкерлерінен қарызға алғаны да есімде.

«Қазақмыс» корпорациясының қаржылық демеушілігімен Кеншілер алаңы, қалалық мешіт пен православие шіркеуі ашылғанда күллі қала халқы қуанды. Ал сол алпауыт компания басшылығын қыруар қаржы жұмсап, осындай нысандар салуға көндірген Қанат Сұлтанұлы екенін көпшіліктің бірі білсе, бірі білмейді. Тіпті, осы нысандар салтанатты түрде ашылып жатқанда да Қанат Сұлтанұлы жұртшылық көзіне түскісі келмей, өзі бармай, орынбасарларын, яғни, бірде мені, енді бірде Арман Алашұлы Тұрлыбекті, келесі жолы Әнуар Серікбайұлы Омаровты жіберетін еді. Айта берсе, Қанат аға жайлы естелік таусылмайды. Осындай тамаша жаннан қапыда көз жазып қалғанымыз өкінішті.

Жатқан жерің жайлы болсын, Қанат Сұлтанұлы! Бақұл бол! Отбасыңа амандық, ауыр қайғыны көтере алатындай сабырлық тіледім. Өзіңіз тәрбиелеген шәкірттеріңіз Сізді ұмытпайды, Ұстаз!

**Төлеутай РАХЫМБЕКОВ,**
**академик, экономика ғылымдарының докторы, «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» АҚ басқарма төрағасы**

# ҚОШ, ҚАНЕКЕМ!

Қанекеңнің жатып қалғанын естігелі «Қашан тұрып кетер екен?» деп алаңдаумен болдық, сондай қуанышты сүйіншілеген хабар естісек деп елеңдедік. Біздің тілеуіміз болмады, тағдырдың дегені болды. 15 қазанда, таң ата сағат 4-тің шамасында Қанат Сұлтанұлы Балмағамбетовтің көрер жарығы таусылыпты.Естігенде көзімізден жас парламаса да, көңіліміздің парша -паршасы шықты. Әлемтапырық күйге түстік. Бірге тумасақ та жанымызға туғанымыздан бетер жақын еді.

Қанекеңмен 1999 жылғы жаздың ортасында, ол Сәтбаев қаласына әкім болып келгеннен кейін таныстым. Алғашқы өткізген аппарат мәжілісінен-ақ қалаға жаңа тұрпатты басшы келгені аңғарылды.

Қанекеңнің Сәтбаев қаласына әкім болып келген кездегі командасындағы жігіттердің бүгінгі таңдағы жеткен жетістіктерін, көтерілген биіктіктерін көргенде оның кадр таңдаудағы талғамына таң қалғандайсың. Арман Алашұлы Тұрлыбек – қазір ҚР Ауылшаруашылығы министрлігі Су шаруашылығы комитетінің төрағасы. Биылғы сайлау кезінде ҚР Президенттігіне кандидат болған Төлеутай Рахымбеков. Ұлытау ауданына бір емес екі мәрте әкім болған Әнуар Серікбайұлы Омар. Осы үш азаматтың үшеуі де Қанат Сұлтанұлының қазасын естігенде «Ұлы ұстазымыздан айрылдық» деп, жүректері қанжылап сала бергеніне еш күмәнім жоқ. Олар бір мезгілде Қанат Балмағамбетовтің орынбасарлары болып ұлы Қаныш атындағы қаланың өсіп -өркендеуіне үлестерін қосты. Қанекең басшы, олар қосшы болды.

Ол жылдары Кеншілер қаласының дербес бюджеті жоқ, Жезқазған әкіміне бағынышты күй кешіп жатқан кезі еді. «Ақшамен әркім де жұмыс істейді, ақша жоқ кезде жұмыс істей білу керек». Қанат Сұлтанұлының әкім ретінде қала активінің алдына қойған басты талабы осындай болды. Және жәй айтып қана қойған жоқ өзі бас болып қалай ақша табудың жолдарын көрсетіп отырды, кәсіпкерлерді қаланың тірлігіне тарта білді. Қай салада болсын қозғалыс байқалды.Бір ғана мысал: Өзгелер өркениеттің жаңаша дәмін татып, жемісін жеп отырғанда әлі сол кеңестік «Ятраньды» тарсылдатып отыратын қалалық газет компьютерге көмілді де қалды.

2000 жылды қарсы алу кезінде қала көшелерінің қызылды-жасылды шамдары жарқырап, кереметтей көрікténіп кетті. Мұны көрген көршілес қаладағылардың бізге қызыға қарағандарын да ұмыта қойғанымыз жоқ. Қалада жаңадан Оқушылар Сарайы ашылды. (Сөз реті келгенде айта кетейін, келешекте Қанекең есімін қастерлеу шаралары қолға алынғанда, осы Оқушылар сарайына ол кісінің есімін берсе жарасымды болар еді. Өзі сондай балажан да болатын). Қала басшылығы мен «Қазақмыстың» арасындағы өзара түсіністік нәтижесінде мешіт, шіркеу, спорт сауықтыру кешені, т.б. әлеуметтік -мәдени нысандар бірінен соң бірі бой түзеді. Бәрін айтып тауыса алмайсың, тізбелеп шыға алмайсың.

Қанат Сұлтанұлы шын мәніндегі биік парасат иесі еді. Айқайы қатты болғанмен, жүрегі жұмсақ-тын. Егер біреуге қызмет бабында артық кетіп қалғанын байқаса, сол қателігін түзеуге, әлгі азаматтың шаруасының оң болмағына барынша көмегін көрсетуге даяр тұратын. Мұндай деген екінің бірінің қолынан келе қоймайды!

Қанекең туралы көп айтуға болады. Нақ осы сәтте ол кісінің қай қырын сөз етерімді білмей отырғанымды да жасырғым келмейді. Ол кез келген шаруаға шын жүрегімен, бар ынта-ықыласымен жанын сала кірісетін. Жұмысқа беріліп кеткендігі соншалық, денсаулығына аса мән бере қоймайтындай да көрінетін. Өйткені, біз оның кабинетінде отырып система алатынын түсінбейтінбіз.

Ол кейін Жезқазған қаласына әкім болып ауысты. Одан кейін біршама жылдар «Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының бірінші орынбасары болып істеді. Осы қызметінде жүргенінде бір шаруамен барғанымда, қабылдауда отырған бірталай кісіқарасын көрдім. «Осы жұрт әлі күнге мені әкім деп ойлайды-ау, анау-мынау шағымын айтып, көмегін сұрап келеді де жатады» дегені бар еді. Шынында да, халық өзінің сөзін тыңдап, жанын түсінетін кісіні іздемей ме? Қанекең сондай азамат еді. Ат үстінде жүріп халықтың алғысын иелену бақыты кез келген әкімге бұйыра бермейді. Қанат Сұлтанұлы сондай бақытқа бөленген басшы болды. Аттан түскеннен соң да абыройы артпаса, кеміген жоқ.

Жақсылар дүниеден көшкен соң, оның екінші өмірі – Мәңгілік өмірі басталады деп жатады. Меніңше, Қанат Сұлтанұлы Балмағамбетов те сондай жақсылардың санатынан ойып тұрып орын алатын тұлға. Ол өз өмірін халқына арнап өтті. Ендігі жердегі екінші өмірі халқымен бірге жасай беретін болады.

Айту қаншалықты ауырға соқса да айтпасыңа болмайтын сөздер де болады. Соның бірін айтуға мәжбүрміз: Қош, қайыр қош, Қанекем!

**Абдолла ДАСТАНОВ,**
**журналист, «Шындық» қоғамдық бірлестігінің төрағасы**

Жезқазған қалалық мәслихаты Жезқазған қаласы қоғамдық кеңесінің мүшесі

**Қанат Сұлтанұлы БАЛМАҒАМБЕТОВТІҢ**

қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Жезқазған қалалық «Қазақ тілі» қоғамы Жезқазған қаласы қоғамдық кеңесінің мүшесі

**Қанат Сұлтанұлы БАЛМАҒАМБЕТОВТІҢ**

өмірден озуына байланысты марқұмның отбасына, жақындарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

«Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» АҚ Қарағанды филиалының ұжымы Жезқазған қаласы қоғамдық кеңесінің мүшесі

**Қанат Сұлтанұлы БАЛМАҒАМБЕТОВТІҢ**

дүниеден өтуіне байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

«Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалының Саяси кеңесі мен аппараты Жезқазған қаласы қоғамдық кеңесінің мүшесі

**Қанат Сұлтанұлы БАЛМАҒАМБЕТОВТІҢ**

өмірден озуына байланысты марқұмның отбасына, жақындарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Серке Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық-драма театрының ұжымы еліне еселі еңбек сіңірген азамат, театрымыздың жанашыры

**Қанат Сұлтанұлы БАЛМАҒАМБЕТОВТІҢ**

дүниеден өтуіне байланысты марқұмның отбасына, туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

«Saryarqa» газеті редакциясы Жезқазған қаласы қоғамдық кеңесінің мүшесі

**Қанат Сұлтанұлы БАЛМАҒАМБЕТОВТІҢ**

өмірден озуына байланысты марқұмның отбасына, жақындарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

ӘЛЕУМЕТКЕ АРНАУ СӨЗ

# «АҚ МЕШІТ» ҚҰРЫЛЫСЫНА КӨПТІҢ ҚОЛДАУЫ КЕРЕК

Еліміз егемендікке қол жеткізіп, Тәуелсіздіктің тәтті дәмін татып, ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы армандаған, аңсаған азаттығына қол жеткізді. Бүгінде осынау жұмыр жердің не бір алпауыт алып мемлекеттердің өзі де Қазақстан деген елдің бар екендігін мойындап, оның тәуелсіздігіне тәнті болды. Тұңғыш Президентіміз Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев елдің шекарасын шегендеп, Әнұранын айқындап, Елтаңбасын белгілеп, алыс-жақынға көк тудың көтерілгенін көрсететіп, халқымыздың қасиетін арттырды. Өшкеніміз жанып, өлгеніміз тірілгендей ғажайып күйге бөленгендейміз.

Таңдауымызды тауып, тапқанымызды құрметтейтін күнге жеттік. Бостандықтың киелі екеніне куә болдық. Тарихымызды таныдық. Ерлеріміздің есімдері еске түсіп, аруағына ас беріп, дұға бағыштап, құранға ұйып, құлшылығын жазбайтын, жаңылмайтын жастар өсті. Діннің діңгегі бекіп, мешітімізге барып, бес уақыт намаз оқып, жаратқанға жалбарынып, жер бетіндегі тіршіліктің бейбіт қалпында алаңсыз болуын қалайтын көңілдің көкжиегі кеңейді. Мешітке еніп, медресесіне келіп, діни сауатын ашатындардың саны артты. Шынын айтқанда, бүгінгі таңда мысты қаладағы мұсылман бауырлар жұмыла баратын жұма намазында сапқа тұратындар мешіттің ішіне сыймай, сыртта, есік алдындағы құлшылықты жалғастырады. Сондай сәттерде көңілге қуаныш ұялайды. Жамағат көбейгенге шаттанасың, мақтанасың.

Сонымен бірге, әсіресе, жауын-шашында, дауылды-боранды күндері мешітке симай сыртта қалғандарға қарай тұрып, «Шіркін-ай, осы жерінің асты қазынаға бай қалада үлкен мешіт қашан салынар екен-ау, ә?» деген ой еріксіз тіл ұшына оралады. Бұл мәселе, әрине – үлкен іс. Мешітті кеңейту не қайтадан салу, ол енді көпшіліктің қолдауымен бітетін жұмыс екені анық. Осыған орай, қаладағы жалғыз мешіттің жайын тұрғындар өздері қарап, оның ертеңіне алаңдайтыны рас. Әрине, осы алаң күйден елді «Жаңа мешіт салынатын болыпты» деген бір хабар сергіткендей, серпілткендей болды. Шынында да,



қалалық әкімдік мешіт салатын арнайы орын белгілеп, белгілі, танымал азаматтар, қалталы кәсіпкерлер өздері бірігіп, «Ақ мешіт» атты кең де жарық, жамағат сұранысына жауап беретін мешіт құрылысын бастапты. Мешіттің жобасын көрдік. Құрылыстың қарқынымен таныстық. Кәсіпкерлермен сөйлестік. Көңілге көп ой түйдік. Сондағы мәселе халқымыздың «Көп түкірсе – көл» дегендей, күмбезі көкке көтерілер, қанатын кеңге жаяр мешіт құрылысын бастаған кәсіпкерлерге елдің де үн қосуы, қолдауы, демеуі өте қажет екені белгілі. Бұл іс бірер адамның емес, қалың көптің қолдауымен жүзеге асады десек, бұдан біздің қала тұрғындарының ешқайсысы тыс қалмауы тиіс. «Тірігe – сауап, өліге – иман»» деген халқымыз мешітті «Алланың үйі», «құлшылық орны» деп таныған. Солай санайды. Демек, қасиетті бабаларымыз «Алла үйі» деген мешітті дер кезінде, ойдағыдай, сапалы салып бітіру үшін, оны пайдалануға беру үшін оған тұрғындардың қол ұшын созуы өте қажет. Аздан да, көптен де қосылған қаржы игіліктің іргесін кеңейтіп, құрылысқа қарқын, құрылысшыларға жігер қосары сөзсіз. Осылай десек, елдік ісімен де сырт қалмайтын ағайын бұл жолы да көмек қолын созады деген ой басым.

«Дүниедегі бар байлығың – жиған-тергенің емес, елдік іске бергенің, көпке қосқаның» деп бұрынғылар бекер айтпаған ғой. Байдың да, бағланның да, батырдың да, пақырдың да соңғы сапары мешіттің ауласынан аттанары белгілі. Бүгінін ойлаған жанның ертеңіне де бір сәт көз жіберсе, «Мешіт саламыз» дегендердің тілегіне тілек, білегіне білек, қаражатына қаржылай көмек қоссақ, елдің елдігі, ертеңге деген сенімнің беріктігі нығая түсері сөзсіз. Олай болса, «мешітке көмек» деп қол созып, демеу, көмек көрсету алдымыздағы адами парыз, азаматтық борыш десек те қателеспейміз. Рас, «мешітке көмек» – шын мәнінде, өзіміздің өзімізге жасайтын көмегіміз. Өзімізді өзіміз құрметтегеніміз. Мұсылмандық міндетіміз. Ендеше, Жезқазғандағы жаңадан салынып жатқан «Ақ мешіт» құрылысына қол созып, көмек берейік, ағайын!

**Дүйсенбай қажы Ахметов –** *Жезқазған қаласының Құрметті азаматы;*
**Шахман Асансейітов –** *Ұлытау ауданының Құрметті азаматы, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты;*
**Мүсілім Тоқтамысов –** *Жезқазған қаласының Құрметті азаматы, техника ғылымдарының кандидаты;*
**Асқар Ермекбаев –** *еңбек ардагері, қоғам қайраткері;*
**Жалғас қажы Үңгітбаев –** *ардагер металлург;*
**Қуатбек Орақов –** *Жезқазған қаласының Құрметті азаматы, ішкі істер қызметі ардагері;*
**Бақыт Тобағабылов –** *еңбек ардагері, ҚР-ның Құрметті құрылысшысы;*
**Ғалым Мұханбедин –** *Жезқазған қаласының Құрметті азаматы, ҚР-ның еңбек сіңірген әртісі;*
**Тағанбай Салхауов –** *ардагер металлург;*
**Сайлаубай қажы Сейталин –** *еңбек ардагері;*
**Әлжапар Әбірезов –** *еңбек ардагері;*
**Мұрат Қазамбаев –** *ішкі істер қызметі ардагері, отставкадағы полковник;*
**Батырбек Мырзабеков –** *ҚР-ның Құрметті журналисі.*

# БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ – БАСТЫ МІНДЕТ

**Қазіргі таңда біздің қоғамымызда тұрмыстық зорлық-зомбылықтың физиологиялық, психологиялық, сексуальдық, экономикалық түрлері жиі кездеседі. Ал, осынау зорлық-зомбылық түрлеріне негізгі әсер ететін – әлеуметтік, биологиялық, психологиялық факторлар. Аталмыш факторлар бойынша өзекті мәселелердің бірі – балалардың зорлық-зомбылық құрбанына айналуы. Балалар арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында № 3 ЖОББМ-де «Мейірім әлемі» қоғамдық қорының жетекшісі Татьяна Абрамова, «Қызыл ай» қоғамдық қорының маманы Мадина Омарова, Қарағанды облыстық полиция департаменті жергілікті полиция қызметінің аға инспекторы Гүлнұр Құдайбергенова қала оқушыларымен кездесті.**



– Елімізде балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың күшейіп тұрғаны жасырын емес. Бұның алдын алу үшін ұстаз, ата-ана және оқушы тарапынан бірлескен жұмыстар жасалуы шарт. Көбіне балалар өз құқықтарын толық білмейді. Ата-аналар тарапынан да немқұрайлылық таныту жиі кездеседі. Бұның соңы көбіне балалар мен жасөспірімдер суицитіне әкеліп соғады. Міне, бүгінгі жиын барысында біз оқушыларды жалпы зорлық-зомбылықтың негізгі түрлерімен толық таныстырып, оның алдын алу және күресу шараларын түсіндіреміз, – деді Татьяна Абрамова өз сөзінде.

Одан әрі сөз алған Гүлнұр Құдайбергенова оқушыларды жолда жүру ережелері, жол-көлік қағидалары, жол қозғалысы белгілері және сақтық шараларымен таныстырды.

Шара соңында Мадина Омарова оқушыларға жедел көмек көрсету бойынша шеберлік сабағын өткізді. Осыған орай ол есінен тану, дем алмау, суға кету, қан кету, жүрегі тоқтау кезіндегі жасалуға тиісті алғашқы көмек түрлерін үйретті.

Жиында қауырт желі қызметі туралы да кеңінен сөз етілді. Қарағанды облысының Бұқар жырау, Қарқаралы, Жаңаарқа аудандары арқылы Жезқазғанға жетіп, одан әрі Сәтбаев қаласын бетке алған топ мүшелері зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында арнайы зерттеу жұмыстарын жалғастыруда. 9 қазаннан басталған марафон 25 қазанға дейін жалғасын табады.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# «ФУТБОЛ САБАҒЫ» ЖОБАСЫ ЕНГІЗІЛДІ

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Орта білім беру ұйымдарының 1-4 сыныптарында дене тәрбиесінің әр үшінші сабағында «Футбол сабағын» сынақтан өткізу туралы» бұйрығына сәйкес облыс бойынша бастауыш сыныптарда футболға апробациялау жүргізілетін сыныптар анықталып, жұмыстар атқарылуда.**

Осы ретте №1 жалпы орта білім беретін мектебі спорттың аталған түрі бойынша көрсеткен нәтижесі мен материалдық-техникалық жағдайына қарай аталған жобаға қатысушы ретінде таңдалып алынды. Соның нәтижесінде бүгінде 12 сынып «футбол сабағы» жобасы бойынша футбол ойынының техникасын үйренуде.

«Футбол сабағы» жобасы бойынша дене шынықтыру пәніне сағаттар бөлініп, мұғалімдер оқушыларды ойын техникасымен таныстыруды бастап кетті. Мұның бәрі шәкірттің үлкен футболға дайындығын нықтай түсетініне сеніміміз мол.

Жобаның мақсаты – оқушылар арасында футболға деген қызығушылықты арттырып, жастардың патриоттық сезімін оятып, салауатты өмір салтын насихаттау. Жоба бойынша футбол сабақтарын өткізетін мұғалімдер үшін әр аймақта семинарлар мен шеберлік сағаттары ұйымдастырылып келеді. Оқыту аймақтық ғылыми-практикалық дене шынықтыру орталықтары және футбол федерацияларында өткізуде.

Футбол – әлемдегі ең әйгілі және бұқаралық спорт түрі. Әлемдік ойыншылардың басым бөлігі өздерін бала кезінен әуесқой командалық немесе аймақтық жарыстарда көрсете білгенін жақсы білеміз.

Бұл футбол сабағы болғандықтан, мұндағы жаттығулардың барлығы аяқдоппен байланысты. Балалар бірінші сыныптан бастап-ақ футбол ойнауға машықтана бастайды. Допты қалай алып жүру керектігіне баса мән беріледі. Балалардың физикалық икеміне қарай жаттығулар жасатылады.

Сабаққа келетін оқушылардың қызығушылығы өте жоғары, олар әр сабаққа зейін салып қатысып жүр. Қорыта айтқанда, дене шынықтыру сабағында тиімді әдістер мен спорт түрлерін енгізу оқушының өзін-өзі басқарудағы әлеуетін артып, салауатты өмір салтын ұстануына өзіндік септігін тигізеді деген сөз.

**Ақгүл САНСЫЗБАЕВА,**
**№1 жалпы орта білім беретін мектептің мұғалімі**

# АБАЙДЫ ТАНИ БІЛЕЙІК

**Ұлы ақын әрі ойшыл, ағартушы, аудармашы, философ, композитор, қоғам қайраткері, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жыл толғалы отыр. Осынау мерейлі датаға орайластырылып №14 «Балдырған» бөбекжайында ақын өлеңдерінен үзінді оқудан «Абай оқулары» сайысы өтті.**



Жыр додасына 4-5 жас аралығындағы тәрбиеленушілер белсене қатысты. «Абай оқулары» сайысы балғындарға ұлы тұлғаның өнегелі өмірінен сыр шерткен бейнероликтен басталып, жиналғандар ақынның қара сөздерінен үзінділер тыңдап, балалық шағымен таныса алды. Алғашқы құттықтау сөзін алған балабақша директоры Айгүл Дүйсенбаева Абайдың қазақ халқының даласында, тарихы мен мәдениетінде, әдебиетінде алар орнын айқындап беріп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Ұлтымыздың рухани асыл мұраларын насихаттау арқылы өскелең ұрпақтың бойында игі қасиеттерді қалыптастыру, патриоттық сезімін оята отырып, ұлт мақтаныштарын таныстыру мақсатында ұйымдастырылған шара өз деңгейінде өтті. Қатысушылар да сайысқа барын салып, дайындалғандарын айта өткен жөн. Абай өлеңдерін нақышына келтіріп, жатқа айтқан олар көпті сүйсінтпей қоймады.

Сайыстың қорытындысы бойынша III орын «Қызғалдақ» тобының тәрбиеленушісі Нұрислам Нұрғалиевка, II орын «Құлыншақ» тобынан Нұржігіт Ербосыновка, I орын «Құлпынай» тобынан Раяна Мұратқа бұйырды. Бас жүлдені «Құлыншақ» тобындағы Қайсар Есен иеленіп үстіміздегі жылдың 17 қазанында өтетін қалалық «Әсемпаз болма әрнеге...» атты Абай өлеңдерін мәнерлеп, жатқа оқу байқауына қатысуға жолдама алды. Барлық қатысушыларға марапаттар мен сыйлықтар үлестірілді.

**Светлана КИСИБАЕВА,**
**№14 «Балдырған» бөбекжайының әдіскері**

# «ҮМІТТІҢ АЛҚЫЗЫЛ ЖЕЛКЕНІ»

## *фестивалі өз деңгейінде өтті*

**Елімізде жыл сайын қазан айының екінші жексенбісі мүмкіндігі шектеулі жандар күні ретінде атап өтіледі. Осыған орай, біздің қаламызда да мүмкіндігі шектеулі жандар ескерусіз қалмады.**



Жезқазған қаласының 65 жылдығы аясында ұйымдастырылған «Үміттің алқызыл желкені» атты көркемөнерпаздар фестивалі көрме залы фойесінде «Менің әлемім» көрмесімен басталды. Көрмеге қамкөңіл болса да өнерді сүйген өнерпаз жастардың қылқалам туындылары, фотосуреттер және қолөнер бұйымдары қойылды.

Шара барысында сөз алған Жезқазған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің маманы Гүлзада Шомаева мүмкіндігі шектеулі жандарды мерекелерімен құттықтап, фестивальге қатысушыларға алғысын білдірді.

Фестивальге қатысушылар хор, вокал, мимика арқылы ән салу, көркемсөз оқу және хореография жанрлары бойынша өз өнерлерін ортаға салды. Барлығы 22 үміткер бақ сынаған фестивальге қалалық «Лира» мамандандырылған мәдениет үйі, «Аялы алақан» мүмкіндігі шектеулі жандарды оңалту орталығы, №3, №21 ЖОББМ-нің тәрбиеленушілері мен қала жастары қатысты. Шара шымылдығын ашқан Владислав Андрасюк, Ярослав Гребеншуц, Анатолий Лисяков, Аделя Серік, Руслан Вагнер,Қымбат Марат, Гүлнұр Әбдіғаппар сүйікті қаламыз Жезқазғанға арналған жыр шумақтарын оқып, көрермендер қошеметіне бөленді. Одан әрі Несіпбек Смағұлов, Асылхан Әбдісұлтан, Ерасыл Іжанов, Арман Сәметов, Еңлік Түзелбай әннен шашу шашып, Ділназ Сабыржан, Әліби Бауыржан, Дарья Майорова және № 3 ЖОББМ жанынан ұйымдастырылған би ұжымының бишілері де үлкен дайындықпен келгенін дәлелдеді.

Шара соңында барлық қатысушылар арнайы мақтау қағаздарымен марапатталып, ақшалай сыйлыққа ие болды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

## АТАУЛЫ КҮН

# 18 ҚАЗАН – ТАРИХТА



1939 жылы 18 қазанда Қарағанды облысында Ұлытау ауданы құрылды

1991 жылы осы күні Әзербайжан Республикасы өз тәуелсіздігін алды.

1992 жылы 18 қазанда Алматы қаласында тұңғыш рет діни келісімнің Дүниежүзілік конгресі ашылды.

Хорватияда 18 қазан галстук күні ретінде атап өтіледі. Себебі заманауи галстук үлгісі осы елде пайда болған.

1867 жылы дәл осы күні АҚШ Аляcканы Ресей империясынан сатып алды.

# УНИВЕРСИТЕТ КҮНІ АТАП ӨТІЛДІ

**1996 жылы 4 қазанда қаламыздағы тау-кен металлургиялық институты мен гуманитарлық-педагогтік институтының бірігуі нәтижесінде Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті құрылған болатын. Содан бергі уақытта Ұлытау-Жезқазған аймағында ғана емес, бүкіл республика көлемінде еңбек етіп жүрген он мыңға жуық білікті маман даярлап шығарған қара шаңырақ оқу ордасы биыл да төл мерекесін үлкен дайындықпен қарсы алды.**

№2 оқу ғимаратының Ө.А.Байқоңыров атындағы акт залында өткен мерекелік кеш «Мен жастарға сенемін!» флешмобымен ашылды. Университет ректоры, қазақ Ұлттық жаратылыстану ғылымдарының академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор Әбдімәлік Тәкішевке сөз берілді. Барша профессор-оқытушылар құрамы мен студент жастарды университет күнімен құттықтаған білім ошағының басшысы, оларға жаңадан басталған оқу жылында да биіктерден көрінуді тіледі.

Университет күнінде аталмыш білім шаңырағында қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, қызметтегі міндеттерін адал атқарғандығы үшін ректордың Құрмет грамотасымен Раиса Қасенова, Жанат Қабасова, Үмітжан Сәрсенбаева, Талғат Жомартов, Эльмира Хамитова, Жұмакүл Базыл, Гүлнәр Қалиева, Гүлжанат Омарова, Рауана Мусина, Гүлнәр Досетова, Ботакөз Рамазанова, Сәуле Кульшикова, Несіпкүл Молдабекова, Дидар Естаева марапатталды. Сондай-ақ, Әсем Уатаева, Кәмшат Марткамалова, Ақзияш Темірбекова, Арман Кенжебек ректор Алғыс хатына ие болды. Ал жаңа қазақстандық қоғам құру ісіндегі жеке еңбегі және шығармашылығы үшін Жезқазған қаласы әкімінің Құрмет грамотасы жас ғалым Ерден Байқоңыровқа табысталды.

2018-2019 оқу жылының нәтижесі бойынша табысты еңбек етіп, ерекше көзге түскен университет ұстаздары мен студенттері арасында ғылыми кеңес шешімімен үздіктер анықталған болатын. «Үздік ғалым» атағын тарих ғылымдарының кандидаты, профессор Тұрғанбек Аланиязов, «Үздік оқытушы» атағын «Жаратылыстану» кафедрасының профессоры, физика-математика ғылымдарының докторы Еркін Арынов, «Үздік куратор» атағын тау-кен технологиялық институтының аға оқытушысы Асқар Төлепбергенов иеленді. Ал, «Үздік топ» атағын «Қоршаған ортаны қорғау және тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі-16-1» тобы жеңіп алды. Марапатқа ие болған ұстаздар мен студенттерге ақшалай сыйлық табысталып, «Үздік оқытушының» еңбекақысына жыл бойына 10%-дық үстемақы қосылатын болды.

Одан әрі университеттің IV курс студенттері I курс студенттеріне студенттік билет, сынақ кітапшасы және білім кілтін аманаттады. Қос институт директорлары жаңадан университет табалдырығын аттаған студенттерге сынақ кітапшасын табыстады.

Шара барысында университеттің өнерлі жастары ән-биден шашу шашып, мереке «ЖезУ маршымен» қорытыланды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ПЕДАГОГТЕР ТӘЖІРИБЕ АЛМАСТЫ

**Қарағанды облысы бойынша 9-25 қазан аралығында жүргізіліп жатқан марафон негізінде мысты шаһарға бетке алған мамандардың бірі – Қарағанды медицина академиясының психологы Гүлбахрам Жәкішова. Ол № 7 мектеп-лицейінде қала мектептерінің педагог және психолог мамандарымен кездесіп, пікір алмасу жиынын өткізді.**

– Баладан тұлға қалыптастыру кезеңінің негізгі сатыларына бала көтергенге дейін, бала көтергеннен кейін және баланың дүниеге келген сәтінен бес жасқа дейінгі уақыт маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ, баланы тәрбиелеуде ата-ананың орны ерекше. Ал, біз осы жайтты естен шығарып аламыз да, бала тәрбиесін көбіне тәрбиешіге немесе күтушіге жүктеп қоямыз. Сонымен қатар, балаларымыз ғаламтор желісін өте көп пайдаланады, түрлі әлеуметтік желілерде сағаттап отырады. Көбіне олардың онда немен айналысатындығы ата-аналарды көп ойланта бермейді. Мұның соңы балалардың миын қауіпті әрі керек емес мағлұматтармен улауға әкеліп соғуда. Және де қазіргі балалар тым тұйықталып кеткен, – деді жиын барысында Гүлбахрам Жәкішова.

Сондай-ақ, ол балалар арасында өз-өзіне қол жұмсау әрекетінің өршіп тұрғандығын және бұндай оқиғалар орын алған жағдайда ата-аналардың жағдайды жасырын ұстап, одан әрі шиеленістіріп алатындығын жеткізді.

Жезқазған мектептеріндегі психолог және педагог мамандардың тәрбие жұмыстары нәтижесінде қолданатын әдіс-тәсілдерімен танысып, пікір алмасқан Гүлбахрам Жәкішова ел азаматтарының денсаулығын жақсартуға бағытталған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы туралы да бірқатар ақпараттармен бөлісті.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

# ТУҒАН ЖЕРГЕ ТАҒЗЫМ

**Жезқазған қаласы ішкі саясат бөлімінің жастар ресурстық орталығы мен «Өрлеу» ЖШС туған қаламыздың мерейлі 65 жылдығына орай қалалық эссе байқауын өткізген болатын. Осы сайыстың жеңімпаздары Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қарашаңырақ Қарсақбай мен Жезді кенттеріне экскурсия жасады.**



Аталған байқау Жезқазғанның өркендеу тарихын жастарға насихаттай отырып, олардың туған өлкесіне деген құрметін арттыруды мақсат тұтты. Әсіресе, қала жастарының ел мен жерге деген сүйіспеншілігін оятып, тарихи құндылықтарымызды, Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктерін паш ету, сондай-ақ, 65 жылдық тарихы бар өндірісті қаланың кешегісі мен бүгінгі тыныс-тіршілігін көркем шығарма арқауына айналуына ықпал жасау болып табылады. Және осы саяхат Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мен «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Туған жерге туынды тік» бағытына үн қосуға арналғанын айта өткен жөн.

Эссе байқауында оза шапқандар алғаш мыс бұлағын ағызған қарашаңырақ Қарсақбай зауытына, қазақтан шыққан тұңғыш академик, ғұлама-ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың музей үйіне және Мәкен Төрегелдин атындағы Жезді тау-кен және балқыту ісі тарихы музейіне экскурсияға шықты. Қаламыздағы жоғарғы және орта оқу орындары мен жалпы орта білім беретін мектептерден келген жастардың алған әсерлері өте ерекше болды. Ашық аспан астындағы бұл мұражай еліміздің және өлкеміздің өткені мен бүгінінен сыр шертеді. Қала жастары үлкен құлшыныс, қызығушылықпен тамашалап, осындай мүмкіндік жасаған ұйымдастырушыларға алғыстарын жеткізді. Осы орайда Қарсақбай кентінің әкімі Аян Әбжамалов, Қаныш Имантайұлы Сәтбаев атындағы музей үйі директоры Дүйсен Бәрекеновке, Мәкен Төрегелдин атындағы Жезді тау-кен және балқыту ісі тарихы музейі директоры Зейпін Қазанбаева мен аталған музейдің бөлім меңгерушісі Шолпан Әбдібековаға қонақтарға өлке тарихи мен шежіресінен кең мағлұмат бергені үшін шынайы зор алғысымызды айтамыз.

Өз кезегінде Жезқазған қаласы ішкі саясат бөлімінің жастар ресурстық орталығының директоры Ботакөз Мұхиденқызы жастарға шараның мән-маңызын айтып, қолдау танытқан музей ұжымдарына арнайы Алғыс хат пен естелік сыйлық тапсырды.

**Ізтөлеу ТҮСІПОВ**

# ҰРПАҚТАРЫ ҰЛЫҚТАДЫ

**Өз заманында әділ төрелігі, ірі кісілігімен ел құрметіне бөленген би-болыстарды ұлықтап, есімін елге таныта отырып, жадында қалдыру – ұрпағының басты міндеті. Осынау зор жауапкершілікті Бұзау болыс Толысбайұлының ұрпақтары адал атқаруда.**

Небәрі 16 жасында болыстыққа сайланған Бұзау Толысбайұлы жер дауы, жесір дауын әділ шешіп, Бағаналы, Кіші жүз – Тама, Арғын, Қыпшақ руларының ара жігін ашпауға күш салған екен. Бір елдің ұйытқысы болып, халық арасындағы ауызбіршілікті нығайтқан Бұзау болыстың өз замамында Бидаш болысты Орынбордың түрмесінен аман алып шыққандығы жайында да деректер бар. Бұл оның дипломатиялық қабілеті жоғары екенін көрсетсе керек. Қолындағы бар дәулетін қайырымдылық пен ел бірлігі жолында аямаған. Бұл сөзімізге Атығай-Қарауыл елінің бір топ жігітіне кепілдік беріп, түрмеден шығарып алғаны кепіл.

1986 жылы Бұзау болыс қазіргі Жаңаарқа ауданына қарасты Қараағаш ауылы маңындағы бұлақ басына Жаңаарқа-Ұлытау-Жетіқоңыр өңірінің игі жақсыларын, билері мен болыстарын жинап, бірлік-береке бітіміне қол қойған екен. Содан бері бұлақ Бұзау болыс атымен аталып кеткен. Бабасының мұрасы мен жүріп өткен жолын зерттеп, зерделеуден танбаған ұрпақтары бұлақтың басына ескерткіш орнатуды қолға алды.



Бұзау болыс Толысбайұлының шөбересі Жүсіп Ыбыраев бастап Гаухар Бұзауова қолдап өткен аптада ескерткіш тас өз орнын тапты. «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деген ұстанымды берік ұстанған ұрпақтары тайлы-тұяғымен жиналып, үлкен ас берілді.

**Өз тілшіміз**

# *Жезқазған шаһарының жылнамасы*

***1993 жыл***

16 қыркүйекте Жезқазған қаласына ҚР Президенті Н.Назарбаев жұмыс бабымен келіп, Жезқазған, Сәтбаев қалаларының барлық кәсіпорындарында және Ұлытау аймағында болды.

8 қазандағы қала әкімшілігінің № 504/10 шешімімен қалалық оқушылар сарайына Кеңес Одағының батыры, Қазақстан Республикасының тұңғыш ғарышкері, Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы Тоқтар Әубәкіровтің аты берілді.

8 қазандағы қала әкімшілігінің № 504/10 шешімімен қаланың 74-орамында орналасқан Попов көшесінің атауы академик Ө.Байқоңыров көшесі болып қайта өзгертілді.

8 қазандағы қала әкімшілігінің шешімімен қаланың шығыс бөлігінде орналасқан «ВЛКСМ» мәдени-демалыс саябағы «Жастар» мәдени-демалыс саябағы, қаланың оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан «Южный» саябағы «Наурыз» саябағы болып өзгертілді.

Жезқазған облыстық тарихи-өлкетану музейінде «Бөбек» қорының төрағасы Сара Назарбаева болды.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев пен Түркия Республикасының сол кездегі Президенті Тұрғыт Өзалдың қолдауымен Жезқазғанда қазақ-түрік лицейі ашылды.

«Шашу» балалардың халықтық би ансамблі құрылды.

***1994 жыл***

29 мамырда Жезқазғанда республикалық театр фестивалі ашылды.

11 тамыздағы Жезқазған облыстық әкімшілігінің шешімімен облыстық әмбебап ғылыми кітапханаға С.Сейфуллин есімі берілді.

Қала әкімшілігінің 9 қыркүйектегі 356/9 қаулысымен «Орбита» кинотеатры «Сарыжайлау» кинотеатры болып өзгертілді.

Қала әкімшілігінің 9 қыркүйектегі 356/9 қаулысымен белгілі ақын, қоғам қайраткері С.Сейфуллиннің туғанына 100 жыл толу мерейтойына сәйкес қаламыздың орталық көшесі «С.Сейфуллин бақжолы» (қазіргі «Ғарышкерлер» бульвары) деген атауды иеленді.

3 қарашада Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев Жезқазғанға келді. Ол түріктің «Энтес» фирмасымен бірлесіп және фин, жапон, американ мамандарының қатысуымен салынған мыс ширатпасын шығару жөніндегі заводтың іске қосылуына байланысты салтанатты митингіге қатысып, дәстүрлі қызыл лентаны қиды. Бұдан кейін тағы бір жаңа кәсіпорын мыс сымын шығару жөніндегі заводтың іргетасын қалауға қатысты.

***1995 жыл***

1995 жылдың қаңтар айы мен қазан айы аралығында Жұмамәди Ибаділдаұлы Ибаділдин қала әкімшілігінің басшысы, 1995 жылдың қазан айынан бастап 2005 жылдың ақпан айы аралығында қала әкімі болды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 6 шілдедегі Қаулысымен «Жезқазғантүстіметалл» акционерлік қоғамы шетелдік «Самсунг» компаниясының басқаруына берілді.

«Жезқазғантүстімет» АҚ базасында «Қазақмыс» корпорациясы құрылды.

Облыстық шаруашылық есептегі Мәдениет орталығы облыстық «Халықтар достығы мен мәдениет үйі» болып қайта құрылды.

Қаланың төртінші шағынауданында ерлі-зайыпты дәрігерлер В.Тильман мен М.Мақатованың алғашқы отбасылық емханасы ашылды.

Имандылықтың ақ ордасы Жезқазған қалалық мұсылмандар мешітінің салтанатты ашылу рәсімі өтті.

**Жезқазған қалалық мемлекеттік архиві деректері негізінде әзірленді**